



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№49 (638)
11 желтоқсан,
2025 жыл

ТӘРТІП САҚШЫСЫНЫҢ

өмірінен үзінді: бүгіннің батырлары



Біз түнде алаңсыз ұйықтап, күндіз баламызды мектепке, жақындарымызды жұмысқа қорықпай жібереміз. Қаладағы қарбалас тіршілік, көліктер ағыны, саябақтағы жайбарақат серуен. Бәрі де өз ағымымен, табиғи заңдылықпен жүріп жатқандай көрінеді. Бірақ осы тыныштық пен тәртіптің артында үлкен еңбек, қатал дисциплина тұрғанын біз байқаймаймыз, кейде тіпті елемеймізде.

Полиция қызметкері – тек ыяқтағы погон мен үстідегі нысанды киім ғана емес, бұл азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күн сайын, сағат сайын қауіп-қатерге бас тігетін күрделі мамандық иелері. Олардың жұмысы – қаланың немесе ауылдың қайнаған ортасында, кейде көзден таса, бірақ әрқашан халық игілігі үшін атқарылатын ауыр миссия. Бұл форманы киген сәттен бастап өз жеке басынның, өз жайлылығынның мүддесінен бұрын, қоғамның мүддесін жоғары қою деген сөз. Ендеше, қарапайым халыққа беймәлім қырлары көп тәртіп сақшысының бір күні қалай өтетінін, олардың ішкі әлемі мен қызметтік міндеттерін тереңірек үніліп, бірге білейік.

Біздің кейіпкеріміз – Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары, полиция майоры Ержан Шамахов.

6-БЕТТЕ

БАСПАСӨЗ-2026

ЖАСТАРҒА жазыл, достарым!

Жастардың үнін жеткізер,
Төл газеті толқынның,
Мазмұнға бай басылым,
Тарихы болар бұл күннің.

Сауырға басып жүретін,
Қашан да ойдың қамшысы.
«Ақмешіт жастары» –
Жақсы істердің жаршысы.

Ой салар жазған-сызғаны,
Ұғатын жанға астарын.
Сананы сергек қылатын,
Жастарға жазыл, достарым!



Құрметті оқырман! 2026 жылдың I жартыжылдығына газетке жазылу жүріп жатыр. «Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу үшін жеке тұлғаларға – 4000 теңге.



ТӘУЕЛСІЗДІК, ТӘУБЕ СЕНІҢ БАРЫҢА...

Тәуелсіздік. Сіз үшін осы күннің маңызы қаншалықты? Қадірін ұғынып жүрсіз бе? Әңгімені осыдан бастайықшы.

Талай жылдан бері біз желтоқсан айы басталысымен жаңа жылға дайындыққа кірісіп кетеміз. Тіпті баспасөз беттерінде кей аймақ әкімдерінің өзі желтоқсанның алғашқы күнінен бастап орталық алаңға шырыша тігіп қоятынын жазып, мәселе көтерілген кездер де болды. Бертін келе ғой, осы тәуелсіздік күнінен кейін барып жаңа жылға дайындалатыны... Бұл енді мемлекеттік деңгейдегі жағдай. Мұны айтпас бұрын, әрқайсысымыз өзімізге жауап берейікші. Сіз үшін тәуелсіздік мерекесі қаншалықты маңызды? Осы мерекеге арналған демалыс күнді отбасында қалай өткізесіз?

2

ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТҚАРЫЛҒАНДАР

Әлемдік кинотуындылар арасында кең танылған «Миллионер из трущоб» фильмін көрмеген адам кемде-кем шығар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бауырлардың құлдыққа жегілуі жайлы бұл фильм талайдың жүрегін қарс айырған еді. Ең өкініштісі біз фильмнен тамашаласқан осындай қасіретті оқиға әлемде, қала берді Қазақстанда да орын алып жатыр десем сенесіз бе?

Әлемде әр 3 минут сайын бір адам хабарсыз кетеді. Бірі табылады, ал бірі табылмайды... Нәтижесінде жыл сайын жер бетінде 2 миллионға жуық адам із-түссіз жоғалады. Құлдық пен адам саудасы – басқа елдердің ғана мәселесі емес, Қазақстанда да қылмыс деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. 2025 жылдың алғашқы үш айында тіркелген 116 құқық бұзушылықтың 54-і «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау» бабына қатысты болса, «Бас бостандығынан заңсыз айыру» бойынша 20, «Адам ұрлау» бойынша 18 қылмыс тіркелген. Тікелей «Адам саудасы» бабына сәйкес қылмыстар бойынша 6 іс анықталды, оның ішінде көмектесушілер де бар.

Елімізде ең көп зардап шегетіндер «Адамды ұрлау» және «Бас бостандығынан заңсыз айыру» баптарына қатысты қылмыстар бойынша тіркелген. Бұл істердің ұзақтығы орташа есеппен 3 жылға созылады. Әлемдік статистика да көрсеткендей, бүгінде адам саудасының негізгі мақсаты «мәжбүрлі еңбек» болып отыр.

3-бетте

«КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА!» АКЦИЯСЫ

8-БЕТТЕ

Нұрбол Жұмабеков, Айдарлы ауылының әкімі:



АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӨНІМІН ҚАБЫЛДАЙТЫН ЗӘКІРЛІ КООПЕРАТИВ АШУ КЕРЕК

Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі әкімдердің басын қосып, диалог құрды. Әрине алыс ауылдағы әкім үшін Президенттің өзі мән беріп, Ақордаға шақырып, ауыл-елдің мәселесін көтергені үлкен мәртебе. Мінберге жетпей жүрген талай тақырып азылды. Қазақтың қарашаңырау дейтін ауылдың жанайқайына құлақ түрді. Ауыл әкімдерінің қолында не бар, қандай мүмкіндік керек, нендей мәселені шешу керек деген секілді салиқалы әңгімелер айтылды.

Осы жиынға барған ауыл әкімдерінің арасында Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылының әкімі Нұрбол Жұмабеков те болған еді. Әкімдікке дейін ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен Нұрбол Баянәліұлы ауылдық жердің мәселесін жақсы біледі. Президент пәрменінен кейінгі жұмыс қарқыны мен алға қойған мақсат-міндеттері жайында аз-кем сұхбаттасқан едік

5-БЕТТЕ



Ғаламның торына байланған заманда біреуді қытыр-қытыр кездесуге көндіру қиындап барады. Көпшілігі үшін телефонның экраны арқылы сөйлесу ыңғайлы, ал шынайы өмірде адаммен кезбе-кез араласу ұялшақтық немесе сенімсіздік себептерімен шектеледі. Осы үшін де қазір екінің бірі интернет арқылы танысуды табиғи құбылыс деп санайды. Біреулер үшін бұл уақытты үнемдеудің жолы, ал енді бірі үшін бұл жасырын саясатын ашық түрде жүзеге асырудың таптырмас орны.

«СӘЛЕМ, ТАНЫСУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫҢ?»

Интернеттегі таныстыққа арналған қосымшалар мен сайттардың саны күн санап артып келеді. Танымалдарының қатарында «Дайвинчик», «Tinder», «Badoo» секілді платформаларды атап өтуге болады. Бұл қосымшаларда тіркелу оңай, бірнеше

минуттың ішінде өз профиліңді жасап, қарсы жақпен байланысуға болады. Алайда осы жеңілдік пен қолжетімділіктің артында қауіп-қатер де қатар жүретінін елсіз бермейміз.

3-бетте



Желтоқсанда желбіреген жас ұланым!

Желтоқсанда жалау етіп жаныңды,
Желбіредің жас ұланым – жалынды.
Кеудеңдегі буырқанған От-сезім,
Кезін күткен жанартаудай жарылды!

Бар еді ғой көкейде көп арманың,
Қиын шақта бола білдің Қорғаным!
Қараулыққа қарсы тұрып, қорықпай,
Қанатыңмен Қарағөзді қорғадың!

Ұлтың үшін жүретіңсің қамығып,
Жарқын күнде болатұғын бар үміт!
Қуғындалып кеткен едің қамалып,
Желтоқсанда жалған жала жабылып.

Содан-дағы уақыт қанша, жыл өткен,
Ауыр азап көңіліңді жүдеткен.
Жазылған сол жаралы бір жүректен,
Жырың жеткен темір қапас түнектен.

Қорлық болды қамаудағы көргенің,
Тұтқыны боп іші күңгірт бөлменің.
Азаттықты армандаумен, аңсаумен,
Қыршың жас боп кете бардың, көрмедің.

Ұмытылмас тарихымых бұл-дағы,
Желтоқсанның батыр ұлы-құрбаны.
Ескерткіштің Еліңнің тұр төрінде,
Жас ұлпақтар тағзым етер жылдағы!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА



ӨРТТІҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Жылу беру маусымы басталғалы облыс көлеміндегі тұрғын секторларда 34 өрт оқиғасы орын алған. Ал жыл басынан бері тілсіз жаудың 432 оқиғасы тіркелді. Қатердің алдын-алу мақсатында әр аптаның сәрсенбі, жұма және сенбі күндері облыс бойынша жергілікті атқарушы органдар, полиция өкілдері, қоғамдық бірлестіктердің волонтерлері бірлесіп профилактикалық жұмыстар атқаруда. Бүгінге дейін 74 463 тұрғын үй араланған. Бұл туралы облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Арман Дастенов мәлімдеді.

– Тұрғындармен 200 рет кездесу ұйымдастырылып, соның ішінде электр және газ баллон жабдықтарын, пешті және газ пештерін орнату, қолдану туралы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдардан алынған тізімге сәйкес әлеуметтік осал топтағы 6 825 отбасы нақтыланған. Аталған отбасылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған 484 дана табиғи газды анықтайтын датчик орнатылып, тұрғындарға пайдалану ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар 1-5 желтоқсан аралығында облыс төңірегінде Полиция департаментімен бірлескен «Газ баллон» акциясы ұйымдастырылып, газбен жабдықталған автокөлік иелеріне, газ құю бекеттерінің өкілдеріне және тұрғын секторларын аралау арқылы тұрғындарға газ баллон қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелері насихатталды. Акция кезінде барлығы 28 рейд ұйымдастырылып, 5000-нан астам тұрғынға өрттің алдын алу шаралары түсіндірілді, – деді Арман Мамайұлы.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

Басы 1-бетте

Тәуелсіздік, тәубе сенің барыңа...

Барды бағалай білу өнер ғой. Кейде біз көңіл түкпіріндегі ішкі түйсікке ерік бере бермейміз. Тәуелсіздік ұғымы, осы ерекше құндылық әрбіріміздің өзімізден, одан қалды отбасымыздан басталу керек тәрізді. Төбеңнен әлдекім әңгіртаяқ ойнатып, басында билігің жоқ, тек орындаушы болып, өмір сүрсеңіз, қайтер едіңіз?! Қабілетің мен мүмкіндігіңіз жетсе, табыс тауып жатырсыз. Ешкім сізден оны қайдан, қалай алдың деп жатқан жоқ. Қалағаныңызға қол жеткізіп жүрсіз. Қажет болса, кәрі құрлық асып, мұхиттан өтіп, саяхаттап та жүрген боларсыз. Ал өзгеге бодан елдің саяхат түгілі, өмір сүруінің өзінде шектеу бар. Берілген осы бір нығметке құрмет өзімізден басталғаны ләзім.

Саяхат деп қалдық, өзге мемлекеттерді ойша бір аралап шығайық. АҚШ-тың тәуелсіздік мерекесі 4 шілде болып бекітілген. Бір ерекшелігі, осы күні мемлекеттік деңгейдегі тұлғаларды былай қойғанда, қарапайым отбасылар да табиғат аясына шығып, өмірдің рақатын сезінеді. Ал осы мереке тұсында екі немесе үш күн демалыс берілер болса, олар отбасылық достарымен бірге саяхатқа шығып кетеді. Көліктер, үйлер және аулалар мен көшелер мемлекеттің туына сәйкес безендіріледі. Патриоттық әндер айтылып, оташулар ұйымдастырылады. Алаңдар мен көшелерде шерулер ұйымдастырылады. Сондықтан олар бұл күнді асыға күтеді. Ал 15 тамызда тәуелсіздік күнін тойлайтын Үндістанда осы күні қанық бояумен әрленген шеру өтеді. Ал ең маңыздысы мемлекеттің Премьер-министрінің қатысуымен Нью-Делиде ту көтеріледі, тікелей көрсетілім арқылы әлем мемлекеттерінің басшыларының Үндістан жайлы сөйлегені, мерекемен құттықтағаны көрсетіледі. Мұнда да жоғары деңгейде тойланып, халық тәуелсіздік күнін ерекше бағалайды. Украина мен Чилиде де осыған ұқсас тойланады және әскери шеру ұйымдастырылады.

Австралия үшін бұл мереке 26 қаңтар болып белгіленген. Мұнда да мерекелік шаралар мен шерулер ұйымдастырылады. От шашулар шоуы тамашаланады. Мұндағы Перт қаласы



түрлі оташушымен ерекше. Ал Сиднейде музыкалық фестивальдер ұйымдастырылады. Канберр қаласында жанды дауыстағы музыка байқауы өтеді. Халық осы күні мемлекеттің туы бейнеленген киімдер мен бас киімдер киеді екен. Әрбір тұрғын өзінің үйін мемлекеттің туымен безендіреді. Осындай ұзынсоңар іс-шаралардан кейін жұртшылық «Жылдың австралиялық тұрғынын» бірге анықтайды.

Ел еңсесін тіктеп, егемендік алып, тәуелсіздік тізгінін қолға қондырғанымызға да отыз жылдан асып кеткелі қаш-шан. Бірақ осы күнді тек мемлекеттік деңгейде атап өтумен шектеліп, қарапайым халық тек көрермен немесе сырттай бақылаушы болып қалып келеді. Әсте, бұл мереке – Алтай мен Атырау арасындағы тұтас қазақтың мерекесі. Қазақта

«Өркімнің өз шаңырағы – өз мешіті» деген ұғым бар. Ғасырлар бойы бабалар арман еткен, бүгінгі балалар бақытты ғұмыр кешкен осы тәуелсіздік тойын тәубе тойы деп шаңырағыңызда қарсы алыңыз. Тәуелсіздік үшін кімге қарыздармыз, әруағына құран бағыштаңыз. Ал ең бастысы, отбасыңыздың төрінде, шаттыққа бөленген шаңырақта балаларыңызға қазақ тарихынан дәріс оқыңыз, атадан-балаға мирас болып қалған ұлттық құндылық жайын айтыңыз. Сізге ешкім қой демейді. Есесіне, қазақтың болашағын ойлайтын көргенді сөзді құлаққа құйған саналы ұрпақ тәрбиелейсіз. Аға буынның алдындағы, һәм кейінгі ұрпақтың алдындағы ұлы міндетіңіз осы емес пе?!

Дәулет ҚЫРДАН

Волейбол шапшаңдық пен сергектікке баулиды



Спорттың қай түрі болса да, адамның сергек көзқарасын қалыптастырады. Спортшыға тән қасиеттердің қатарында табандылық, жеңіске ұмтылыс, жылдам әрекет ету тәрізді ерекшеліктер болады. Мұндай ерекшеліктер адамның жеке өмірінде де жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауына атсалыспак. Менің тәжірибемде волейбол ойынының пайдасы көп болды.

Топпен ойналатын әрбір ойын тәрізді волейбол да ауызбіршілікті, топпен жұмыс істеуді, тек өзіңді ғана емес, көпті ойлауға баулиды. Тобыңның намысын қорғап, сол жолда тер төгуге үйренесің. 1964 жылдан бері Олимпиада ойындарының қатарынан орын алған бұл спорт өзінің қарапайымдығымен де ерекше. Арнайы орындарды қажет етпейді, бар болғаны доп пен екі топтың арасын бөлетін тор болса жеткілікті. Мұны бұқаралық спорттың түрі деп те қарауға болады. Өйткені осы ретте аулаларда өзара бірігіп, ойнап жатқан немесе демалысқа барғанда уақытты көңілді өткізіп жүрген жандардың арасында волейболдың кең тарағанын көруге болады.

Волейбол ойынының жағажайда, қарда ойналатын түрлері мен пионербол, саябақтағы волейбол және отырып ойнайтын түрлері бар. Отырып ойнауды паралимпиадалық түрге жатқызымыз.

Балаларды волейболға баулу мақсатында біз көптеген әдіс-тәсілді меңгердік. Қазір оның әрбірі жемісті нәтиже беруде. Өзім ұстаздар арасындағы қалалық волейбол ойындарының жеңімпазымын. Ал шәкірттерім «Шұбар доп» оқушылар спартакиадасында І орынды қанжығаға байлады. Әлбетте, мұнан өзге де жетістіктер жетерлік.

Алдағы уақытта да балалардың спортқа қызығушылығының артуына, салауатты өмір салтын ұстанып, дені сау болып өсуіне атсалысу – менің қоғам алдындағы, мамандығымның алдындағы да парызым болып қала бермек.

Әділет БЕДЕЛБЕКОВ,
«Baiterek School» жеке мектебі жанындағы облыстық «Daryudy» балаларға арналған мектеп-интернатының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КОМАНДА ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

«AMANAT» партиясында «Қарызсыз қоғам» жобасы қоры- тындыланды. Үш жыл бұрын партия халықтың қаржылық сау- атын арттыру және азаматтардың несие жүктемесін азайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу үшін жауапты мемлекеттік органдардың, банктердің және қаржы ұйымдарының ресурсын бір арнаға тоғыстырған еді. Жоба тұтас ел аумағында жүзеге асты. Биыл 860 мыңға жуық азамат оқудан өтіп, оларға кәсіби көмек көрсетілді.

Сөз басында Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жобаға атсалысқандарға алғыс білдіріп, оның тұрғындарға әлеуметтік қол- дау көрсетудің тиімді құралына айналғанын атап өтті.

Бүгінде «Қарызсыз қоғам» жо- басы ауқымды пікірлестер тобын біріктіріп, бұл қадам азаматтарға кешенді көмек көрсетудің тұтас



экожүйесін құруға мүмкіндік берді. Партия базасында республикалық колл-орталық іске қосылып, күн сайын 180 заңгер 5 мыңға жуық өтініш қабылдауда. Бұған қоса, qogamfin.kz цифрлық платформасы құрылып, WhatsApp және Telegram- да AI-боттар жұмыс істейді. Биыл ауылдар, шалғай елді мекендер тұрғындарымен тікелей кездесу

өткізетін мобильді топтар жұмысын бастады.

Жоба қызметкерлері азамат- тарға алғаш өтініш бергеннен бас- тап, қиындықты толық әсергеңге дейін қолдау көрсетеді. Заңгерлік, психологиялық кеңес береді. Сондай-ақ шоттар мен мүліктерді бұғаттан шығаруға, қарызды қайта құрылымдауға, берешек бой-

ынша төлем жасаудың қолайлы кестесін құруға, жана дағдыларды үйретуге көмектеседі. Бұл мыңдаған қазақстандық отбасының дағда- рыстан шығып, өмірді қайта бастау- ына мүмкіндік берді.

Елордада өткен іс-шараға қа- тысқан облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевке «Қарызсыз қоғам» жобасының аймақтық командасына берілген марапат табысталды.

Биыл жоба аясында 22 800 азаматқа қызмет көрсету межесі бекітілген.

39 167 азаматқа қызмет көр- сетіліп, жылдық жоспар 172 пайыз артық орындалды.

Желтоқсандағы мәліметке қара- ғанда, өңір тұрғындарынан соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану ту- ралы 20 610 арыз түскен.

Оның ішінде 4 662 жеке тұлға банкрот деп танылса, 15 196 арыз қанағаттандырусыз қалдырылған, 334 арыз қарастырылуда.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Басы 1-бетте



Жуырда ғана Жамбыл облысының Талас ауданында көмелетке толмаған үш баланы құлдықта ұстаған азамат анықталып, ол сот үкімі бойынша 4 жылға бас бостандығынан айырылды. Оқиға жайлы тарқатып айтсақ, жаз айларында әлеуметтік желі беттерінде тараған бейнежазба ел ішін дүрліктірген еді. Кадрларда 16 жастағы жасөспірім көмек сұрап, өзін және бауырын құтқаруды өтінген. «Мен бес жыл тұрдым ба... Бес жыл бойы көрмеген қорлығым жоқ... Қамшымен ұрып, сабап, мал бағуға мәжбүрледі. Телефонымды алып қойды. Әр өткен көліктен сағат сұраймыз. Көретін қорлығымыз осы. Үстімнің бәрі жара. Әйтеуір, жатсам да, тұрсам да бір нәрсені ойлатын болдым. Туған әкемнің қолына барсам ғой деп... Үйдегі анам қарсы шыққысы келеді. Бірақ анам өзі қорқады. Өтініш, көмектесіп жіберіңіздерші. Көмектеспесңіздер білмеймін, өзіме не істер екенмін...», – дейді жасөспірім аталған бейнежазбада.

Кейін анықталғандай зәбір көрсеткен азамат олардың өгей әкесі болып шықты. Балалар 6 тамыз күні үйден қашып шығып, Алматы қаласынан табылған. Істің мән-жайын құзырлы органдар тексере келе, ер адам 2019 жылдан 2025 жылға дейін өзінің үш бірдей өгей баласын жүйелі түрде қорлап, ауыр жағдайда ұстағанын анықтады. Бір апта бұрын жарияланған сот мәліметіне сәйкес, балалар оқу орнына бармағанын, мал бағып, қара жұмыс істегенін және физикалық жағдайлары нашар болғаны дәлелденді. Ал қорғаушы тарап отбасының жақсы өмір сүргенін айтып, зәбір көрсеткен азаматты дін жолындағы адам ретінде сипаттап, жағымды жағынан көрсетуге тырысқан. Алайда, сот үкімімен ол ҚР Қылмыстық кодексінің 110-бабы бойынша кінәлі деп

танылып, 4 жылға бас бостандығынан айырылды.

Тележурналист Руслан Өтепбайдың «Көреміз» бағдарламасы арқылы да көп шындықтың беті ашылған болатын. Соның бірі Түркістан облысы, Шілік ауылында 17 жыл құлдықта болған апалы-сіңілілер Назгүл мен Құндыздың оқиғасын ел ұмыта қойған жоқ. Бағдарламаға қос қыздың құлдықта жүргені жайлы хабар берген сыныптастарына жұрт алғысын жаудырғаны да әлі есімізде. Жағамызды ұстатқан жайт, оларды құлдықта ұстаған өзге емес, өз аға-жеңгесі болып шыққаны. Қыздардың бірінің жасы 32-де, екіншісі 27 жаста. Кейін халық тарапынан қолдау көрсетіліп, қыздар қалаға қоныс аударып, баспана берілді. Алайда қыздардың немере ағасы айыпталушы Сәулебек Әбілдаевқа Назгүл мен Құндыздың тарапынан кешірім беріліп, ауыр жазадан аман қалды.

Ашынғаннан шығады ашы даусым... Ауылдағы қорада «Акку арман» әнін шырқаған Қоныс есімді баланың әні әлеуметтік желі беттерінде көптің аяушылығын туғызған еді. Аталған видео желіде желдей таралып, тіпті Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстанға дейін жеткен. Осы жағдайдан кейін әнші бала мен оның отбасы жылдар бойы ауыр жұмысқа жегілгені белгілі болып, тағы бір шындық ашылды.

Нақтырақ айтсақ, Ақсуат ауылында түсірілген бейнежазбадағы баланың әкесі Қожагелді Жалғасбаев өзінің отбасы 20 жыл бойы құлдықта болғанын айтып, жанайқайын жеткізді. Олар белгілі кәсіпкердің малын бағып, жылдар бойы қорлық көргенін мәлімдеген. Телеарналарда тараған ақпаратқа сүйенсек, ол 20 жыл бұрын кәсіпкердің «жұмыс беремін» деген уәдесіне сеніп, отбасы-

ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТҚАРЫЛҒАНДАР

мен бірге шекарадан өткен. Сол уақыттан бері олардың өмірі қиындыққа толы болған. Жалғасбаевтың сөзінше, отбасы мүшелері үнемі айдалада мал соңында жүріп, қорлық көрген. Отбасының екі баласы мал қорасының жанындағы лашықта дүниеге келген. Балалары мектепке бармаған, құжаттары «оқып жүр» деп жалған рәсімделген. Дегенмен үшеуі де сауатсыз күйінде қалған.

Алайда биыл ақпанда жәбірленуші Қожагелді Жалғасбаев мүлде басқа мәлімдеме жасады. Ол әлеуметтік желіде жарияланған бейнежазбада «Құлдықта болған жоқпын. Арамызда түсінбеушілік болды. Ашуға беріліп айтып қойдым. Маған үй алып беремін деді, мал беремін деді. Ешкімге ренішім жоқ», – деп айтқан. Облыстық полиция департаменті бұл факт бойынша іс тіркелгенін растады. «Аталған дерек бойынша Қазалы аудандық полиция бөлімінде ҚР Қылмыстық кодексінің 126-бабының 1-бөлігімен қылмыстық іс тіркелді. Бұл бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабының талабына сәйкес, қылмыстық іс жүргізу барысы тергеу құпиялылығына байланысты жарияланбайтынын хабарлаймыз», – деді департаменттен.

Ішкі істер министрлігінің мәлімдеуінше, Қазақстанда адам саудасының құрбандарына мемлекеттік бюджет есебінен көмек қарастырылған. Оларға медициналық, психологиялық, еңбек, мәдени, экономикалық және құқықтық қызметтер сияқты 8 түрлі көмек түрі ұсынылады. Бұл қызметтер қылмыстық іс қозғалғанына немесе қозғалмағанына қарамастан қолданылады. Министрлік мәліметінде Қазақстан азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға бірдей берілетіні айтылған. Сонымен қатар адам саудасының құрбандары азаматтық заңнама аясында материалдық және моральдық өтемақы талап ете алады. Сотқа дейінгі тергеуді жүргізетін маман бұл туралы құрбанға міндетті түрде хабарлауы керек.

– Егер оқиға ауылда болса, істі қала тергеушісіне беру дұрыс. Себебі ауылда адамдар бір-бірін таниды, кейде ұрып-соққан адамның өзі бұрын Ішкі істер органында жұмыс істеген болып шығуы мүмкін, таныстары немесе туыстары болуы ықтимал. 102 нөміріне хабарласса да, сол адам келетінін біледі. Сондықтан біздің ұсынысымыз – істі қалаға беру, – дейді «Дәріс-2016» қоғамдық қорының атқарушы директоры Гүлнұр Едігеева.

Осы жылдың мамыр айында тағы бір жаға ұстатар жайт белгілі болды. Қарағанды облысында алты баланы патронаттық тәрбиеге алып, оларды бірнеше жыл бойы азаптап келген отбасы сот алдында жауап беруде. Тергеу материалдарында көрсетілгендей, 2018 жылдан бері қамқоршылыққа алған балаларды жүйелі түрде ұрып-соғып, ауыр жұмыстарға жеккен отбасы анықталды. Бір баланың денсаулығы зақымданып, мүгедек болып қалған. 8 жасында оқтаумен басынан ұрылып, бас сүйегі жарылған бала бірнеше рет ота жасатқан. Оның басына пластина қойылған, бүгінде арнайы интернатта тұрады және дәрігерлер оған эпилепсия диагнозын қойған деседі.

Сотта куәлік берген тәрбиеленушілер қамқоршылардың өздерін қамшымен, оқтаумен, темір заттармен ұрып-соққанын айтқан. Ізінше балалардың денесінен сарапшылар елуге жуық тыртық анықтады. Куәгерлердің айтуынша, қамқоршылар балаларды аязды күні жалаңаш далаға шығарып, онымен қоймай итпен қуып қорқытқан. Қора тазалауға мәжбүрленп, тіпті жазар ретінде сиыр тезегін жегізген. Балалардың сөзінше, олар күнделікті аш жүрген. Тәрбиеленушілерге берілетін тамақ пен киім қамқоршылардың туған балаларының қажеттіліктеріне жұмсалғаны да дәлелденді. Мемлекеттен бөлінген қаражатқа балаларға тек қора тазалауға арналған етік қана жанартылған. Киілген, ескі киімдерді қниге мәжбүр болған балалар бірнеше рет мұғалімдерге де, дәрігерлерге де көрген құқайы туралы айтқан екен. Алайда ешбір мемлекеттік орган нақты шара қабылдамаған. Сондай-ақ балалар бес жыл бойы қадағалауға тиісті қамқоршылық органдарының мамандарын да көрмеген.

Анықталғандай, сотталушылар – 45 жастағы ер адам, оның жұбайы және қызы. Оларға «Азаптау, ауыр дене жаракаттарын салу, алаяқтық» баптары бойынша айып тағылды. Тергеу дерегініше, патронаттық тәрбиені ресми жүргізген отбасы мемлекеттен бөлінген 6 миллион теңгеден астам қаражатты қалтаға басқан. Ал ер адам ақшаның көп бөлігін бұжмекерлік кеңселер мен лотереяларға жұмсаған.

Айта кетейік, бытыр «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» заң негізінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау күшейтілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласында алты маңызды заң қабылданып, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен саудаға қарсы жауапкершілік күшейтілген болатын. Ал биылғы жаңа заң осы шаралардың жүйелі жалғасы ретінде қабылданды.

Заңға сәйкес, балаларды асырап алу немесе қамқоршылыққа беру кезінде алдымен туған-туыстары қаралады. Егер жақын туыстары болмаса, бала заңды некедегі отбасыға орналастырылады. Сонымен бірге министрлік өкілдерінің айтуынша, қылмыстық қудалау жүріп жатқан азаматтарға бала асырап алу, қамқоршылық немесе патронаттық тәрбиеге қатысуға тыйым салынады.

Сондай-ақ қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушылар жыл сайын өз денсаулығы, табыс көзі, тұрмыстық жағдайы және бұрын сотталмағанын растайтын мәліметтерді тапсыруы тиіс. Жаңа нормалар балаларды қорғау жүйесін күшейтіп, оларды отбасында тәрбиелеу жағдайларын тұрақты бақылауға және ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Мақаламызда қозғаған жайттар мәселенің шет-жағасы ғана. Зерттеп, зерделеуге жең түре кіріссен мұндай оқиғаларды санап тауысу әсте мүмкін емес. Шындығын айту керек, елімізде ауылдық елді мекендерде орналасқан жеке қожалықтарда жұмыс істейтіндердің көбінде еңбек шарты жоқ. Сол себепті құлдықта ұстау фактілері жалпақ тілмен айтқанда «малшы ауылдарда» жиі кездеседі. Осы орайда, аталған мәселелені шешудің бірден бір нұсқасын ұсынғымыз келеді. Аймақтардан адам құқықтарын қорғайтын қоғамдық қор құрып, мамандар әр жартыжылдық ішінде бір рет ауыл шаруашылықтарын аралап, әр жұмысшымен жеке сөйлесуі қажет-ақ. Жұмысшының өз еркімен жүргені жөнінде, жалақысын уақытылы алып не ала алмай жатқаны жөнінде, тағы басқа ақпараттарды сұрап, сауалнама ұйымдастырып отырса осынау қылмыстың беті қайтар ма еді. Біздегі тілек – адам құқығының тапталмауы ғана.

Тілек ҚАБЫЛ

Басы 1-бетте

«Сәлем, танысуға қалай қарайсың?»

Ең алдымен ескере кететін жайт, көптеген қосымшада пайдаланушы өзі туралы шынайы ақпаратты бермей, жалған дерек арқылы тіркеле алады. Яғни сізбен танысқысы келген адамның аты-жөні, жасы, жұмысы немесе өмірлік жағдайы жайлы жазғаны рас па, жоқ па – белгісіз. Күлкілі көрінуі мүмкін, бірақ ойлап көріңізші: сіз кафеде отырсыз, қолыңызда кофе, телефон экранын ақырын шертіп, қосымша арқылы сөйлескен адаммен кездескелі отырсыз. Ал келген адам мүлде басқа болып шығады. Жас жігітті күтіп отырған кезде енгізердей ересек адам немесе мектеп оқушысы келіп тұрса не істер едіңіз?

Өзін көрсеткісі келмеген адам интернет арқылы танысуға көптеп барады, бірақ оның артында қандай ниет, қандай мақсат жатқанын ешкім біле алмайды. Қылмыскер, психикалық ауытқуы бар

немесе жай ғана айлакер адам сіздің сеніміңізді пайдаланып, жеке ақпаратқа қол жеткізуі мүмкін.

Бұл қауіптің ең айқын көрінісін алаяқтық пен адам жоғалу жағдайлары арқылы білеміз. Із-түссіз жоғалып немесе өлі күйінде денесі табылғандардың басым бөлігі осы әлеуметтік желідегі таныстықтан басталған. Таныстыққа арналған сайттар мен қосымшалар арқылы кейде түрлі афера жүзеге асырылады. Қолданушы алданып, ақша төлеуге мәжбүр болады немесе тіпті физикалық қауіпке ұшырауы мүмкін. Өкінішке қарай, интернеттегі таныстық кейде адам өмірін қиоға дейін апарады. Қолда бар статистикаға қарағанда, әлем бойынша интернет арқылы танысқан адамдар арасында азапты өліммен аяқталған жағдайлар тіркелген. Өзіміздің қаракөз аруымыз Аяжан Еділованың қазасы күллі қазақ халқын дүр сілкіндерген жоқ па еді? Бұл әрбір пайдаланушы үшін шынайы өмірде кездесуі мүмкін қауіптің көрінісі.

Интернеттегі таныстық шы-

найы өмірдегі кездесу мен араласудың орнын алмастыра алмайды. Мәтін арқылы араласу адамның ішкі ойы мен сезімін толық жеткізе алмайды. Біреу жазған сөздерінде ақылды әрі мейірімді көрінесе, шынайы өмірде оның бейнесі мүлде басқа болуы мүмкін. «Қой терісін жамылған қасқыр» секілді адам өз хабарламаларында мейірімді болып көрінгенімен, бетпе-бет келгенде мүлде басқа, кейде қауіпті мінез танытады. Сондықтан интернет арқылы танысудың жеңілдігіне алданбау керек, әріптестік немесе достық қарым-қатынасты дамытуда шынайы кездесулердің рөлі әрдайым жоғары.

Қош. Барлық платформаны бірдей қатерлі деп санауға болмайды. Бақытты отбасын құрып, өз сүйіктісін кездестіргендер де бар.

Кейбір қосымшалар мәтіндік сөйлесудің орнына бірден видеоқоңырау арқылы танысуды ұсынады. Мұндай платформалар шетел азаматтарымен байланыс орнатуға, тіл үйренуге және әртүрлі елдің мәдениетін тануға ыңғайлы. Мұнда да шынайы ақпаратты көрсету міндетті емес, бірақ қарсы тараппен бетпе-бет сөйлесу мүмкіндігі бар. Сол себепті платформаны қолданушылардың барлығы арам пияғыды деп айту әділетсіздік болар.

Алайда бұл платформалардың ашықтығына қарамастан, олар ешқандай құзырлы органның бақылауында емес. Сондықтан кейде платформаны анайы бағытта қолданатындар да кездеседі, ал мұндай жағдайда заң тұрғысынан немесе моральдық шектеулер жоқ. Ашық платформадағы анайы әрекеттер пайдаланушылар үшін қауіп. Бірақ мұны тоқтатудың шешімі әлі табылмай тұр.

Интернеттегі таныстық мәдениеті мен қауіпсіздік мәселесі – заман талабынан туған күрделі тақырып. Бір жағынан, бұл платформалар адамдарға жаңа достар, тіл үйрену немесе серіктес табу мүмкіндігін береді. Екінші жағынан, бұл алаяқтық, маньяктар мен адам саудасының жасырын алаңына айналуы ықтимал. Мүмкін сіз сөйлесіп

жүрген адам заңды тұрғыда некеде шығар. Ал бірақ сіз оны дәлелдей алмайсыз. Ал істің жауапкершілігі артқан кезде түрлі қиыншылық тууы мүмкін. Сондықтан әрбір пайдаланушы өзінің жеке қауіпсіздігіне жауапты, онлайн кездесу мен таныстық кезінде сақтық шараларын ұмытпау керек.

Қауіпсіздік тек жеке ақпаратты жасыруда ғана емес, эмоциялық және психологиялық қорғаныста да көрінеді. Шынайы өмірде танысу адамның мінезін, дауысын, көзқарасын тікелей бағалауға мүмкіндік береді. Ал интернеттегі мәтіндік сөйлесу көбінесе бетперде ретінде қызмет етеді. Ақылды сөздермен әсер ету мүмкіндігі жоғары, бірақ ол шынайы сезім мен ниетті білдірмейді. Сондықтан интернеттегі таныстыққа сенім арту алдында әрдайым терең ойлану қажет.

Интернеттегі таныстыққа арналған платформаларда жасырын қауіптің бар екенін түсіну – әрбір адамның өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуі үшін маңызды. Ақпаратты тексеру, қарсы адамның ниетін бағалау және шынайы кездесулерді қолдау арқылы ғана онлайн таныстық қауіпсіз әрі тиімді бола алады. Әринежана достар табу немесе таныстыққызық әрі эйфория сыйлайтын процесс, бірақ қауіпсіздік әрдайым бірінші орында тұруы керек.

Интернет арқылы танысатын адамдардың психологиясы дәстүрлі қарым-қатынастан мүлде ерекшеленеді. Біріншіден, олар көбіне бетпе-бет кездесуден қашады, өз сезімдерін, ойларын экран арқылы жеткізгенді жөн көреді. Мәтіндік сөйлесу арқылы адам өзін еркін, сенімді және қызықты көрсетуді мақсат етеді, ал шынайы өмірде сол сенімділік пен ашықтық әрдайым сақталмайды. Кейбіреулер үшін ғаламтор – шынайы өмірдегі қысымнан қашу, жалғыздықты жеңу немесе өзіне лайықты серіктес іздеудің қауіпсіз алаңы. Ал кейбір қолданушылар үшін бұл ойын, қызық немесе көңіл көтеру құралы. Сонымен қатар интернет таныстыққа қатысатындардың бір бөлігі өз бейнесін мінісіз етуге тырыса-

ды, яғни жасын, суретін, жұмысын немесе хоббиін өзгертіп көрсетеді. Мұның бәрі олардың сенімділік деңгейінің төмендігін, кейде эмоционалды қорғаныстың жоғары екенін көрсетеді. Одан бөлек, әлеуметтік желіге деген тәуелділік те қысым болады. Себебі сіз хабарлама күтесіз, уақытыңыздың көп бөлігі сол желіде хат алмасумен өтеді, түсініспеушіліктерді жеңу қиын болады һәм сол секілді майда мәселелер ушыға түсе үлкен травмаға айналасына кепілдік жоқ. Осылайша, интернеттегі таныстық психологиялық тұрғыдан адамды тануға мүмкіндік берсе де, бір уақытта адасу мен алдану қаупін де тудырады.

Интернет арқылы таныстықтың жеңілдігі адамды жалған үмітке байлайды, сезім мен көңілге қауіп туусуы мүмкін. Мұның да психологиялық ауыртпашылықтары бар екенін неге елемейміз? Дәл сол секілді, өмірде де махаббатты табуды тек мақсат қылып, іздеумен айналысу дұрыс емес. Шынайы сезім күтпеген сәтте, күнделікті өмірдің қарапайым сәттерімен бірге келеді. Сол себептен махаббатты іздеудің орнына, өмірді, өзіңізді және айналаңызды байыппен сезініп, назарыңызды бір дүниеде ұстамау керек. Мынаны естен шығармаңыз: шынайы сезім көбіне күтпеген жерден келеді, ал жасанды платформалардағы байланыс көбіне алдау мен ренішке әкелер құрдым.

Сөз соңында айтармыз, интернеттегі таныстық – бұл цифрлық заманның талай жылдан бергі құбылысы, оның жеңілдігі мен жылдамдығы қызықтырады, бірақ бетпе-бет кездесу мен шынайы өмірдегі байланыстың орнын алмастыра алмаса анық. Ең құрығанда өмірде бір-екі рет кездескен адаммен байланысқан абзал. Адалдық, сақтық және өзіңді қорғау әрдайым басты қағида болып қала береді. Ақыл мен сезімді қатар қолданбаса, экран артында тұрған адамға толық сеніп кету талайдың сан соғып қалуына себеп болғанын еске алайық.

Нұршат НЫШАНОВА



ЖАСТАРДЫҢ ЕРТЕҢІ БҮГІН НАҚТЫЛАНАДЫ

Жыл соңы жақындады. Қызылордалық жастар жайында бір-екі толғам жасауды жөн көрдік. Өйткені бұл тақырып қоғам талқысынан түспейтін маңызды мәселе емес пе? Ал әуелі жұмыстың жайы толғандыратыны анық.

Статистика көрсеткендей, қала халқы 362 мың адамнан асады. Соның ішінде 14 пен 34 жас арасындағы 103 мың 102 жас бар. Айта кетерлігі, олардың 12 499-ы – ауыл жастары.

Қызылорда қаласында NEET санатындағы жастар үлесін төмендету бағытында атқарылып жатқан шаралар оң нәтижесін көрсетуде. Жыл басында 2 331 жас жұмыссыз санатқа жатқызылса, отбасылық цифрлық картаның соңғы дерегі бұл көрсеткіштің 1 217-ге түскенін көрсетті.

Жақында қала әкімі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес отырысы өтті. Осы жиын барысында қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек NEET санатындағы жастарды қоғамдық өмірге тарту бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейгенін мәлімдеді.

– Жастар орталығы, кент және ауылдық округтер әкімі аппаратының мамандарымен бірге 462 жасқа адрестік жұмыстар жүргізіліп, статусы анықталды. Жұмыссыз жастар үшін «Мансап» орталығымен бірге 8 рет «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындарының жәрменкесі, 4 рет «Көшпелі кеңес» өтті. Осы бағыттағы жұмыстар ай сайын тұрақты ұйымдастырылуда.

NEET санатындағы және маргинал жастармен жұмыс істеу бойынша жол картасының орындалуы туралы баяндасам, қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша осы санатқа 10 283 азамат жатады. Оның 1549-ы қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерге тиесілі болса, 261 азамат басқа қала мен аудандарда тіркелген. Жергілікті жұмыс жоспарына сәйкес жұмыспен қамту, қайта оқыту курстарынан өткізу, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету және тағы да басқа шаралар тұрақты ұйымдастырылуда.

Жастардың бірінші кезекте әлеуметтік

Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду де сөз сөйледі. 2025 жылға сәйкес кент аумағында барлығы 986 жас тіркелген. Жастардың жұмыспен қамтылуы бойынша көрсеткішіне келер болсақ, 793 жас жұмыс істейді, оның ішінде 29-ы – өз-өзін жұмыспен қамтып отырғандар. Сонымен қатар кентте 10 мүгедек жас бар, олардың



3-еуі еңбекке жарамсыз деп танылған. Жұмыссыз жастарды қолдау мақсатында нақты шаралар да жүзеге асуда. Қазіргі таңда кенттің жұмыссыз жастары арасынан «Мансап» орталығы арқылы «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 3 жас маман қатысып, тәжірибеден өтуде.

– Белкөл кентінде NEET санатындағы жастар үлесін азайту мақсатында әлеуметтік қолдау шаралары, білім алуға жағдай жасау және жұмыспен қамту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда кент бойынша NEET санатындағы жастар саны – 39 адам. Оның ішінде: 6 жас оқу орнына түсіп, NEET санатынан шығарылды, 3 жас тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бірқатар жас маусымдық жұмыспен қамтылды, ал 1 жас ана ерекше бала күтімінде.

Атқарылып жатқан шаралар NEET санатындағы жастардың еңбек нарығына бейімделуіне, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және өздігінен жұмыспен қамтылуына оң ықпал етуде, – деп атап өтті кент әкімі.

Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған

ең маңызды мәселе – олардың бос уақытты дұрыс пайдалана білуі. Осыған байланысты салауатты өмір салтына тәрбиелеу, әрине, тұлға қалыптастырудың басты қағидалық принциптерінің бірі. Жастардың бос уақыты өнер үйренуге, шығармашылық мазмұндағы ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, ол

денсаулықты сақтауға ғана емес сонымен бірге рухани баюға да мұрындық болады.

Осы мәселе төңірегінде бұқаралық спортпен қамту мәселесі де жолға қойылған. Бұл бағытта кентте 3 спорттық жаттығу және Бірқазан елді мекенінде 1 футбол алаңы бар. «Белкөл» спорт кешенінде кентіміздің 300-ге жуық жастары спорттың 7 түрімен (футбол, каратэ, бокс, джи-джитсу, еркін күрес, шахмат, үстел теннисі) машықтанып, түрлі халықаралық дәрежедегі жарыстардың биік тұғырынан көрініп келеді және де Белкөл кенті жастары арасынан құрылған футбол командасы облыс көлеміндегі турнирлердің жеңімпазы атануда, – дейді Б. Сәду.

Айта кетейік, Белкөл кенті клубының жанынан жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында 7 үйірме жұмыс жасап, 103 көркем өнерпазбен қамтылған.

Жастар саясаты жөніндегі кеңес отырысында қаралған тағы бір өзекті мәселе – нашакорлық пен есірткі бизнесі. 10 ай көлеміндегі дерекке сәйкес, есірткі қылмысымен 140 құқық бұзушылық анықталған. Сөйлеген сандарды зерделесек, есірткі өсіру бойынша 17 дерек 20-ға көбейген. Бұл дегеніміз 17,6% айырмашылық. Ал есірткі өткізу бойынша 20 дерек, жарнамалау ісіне сәйкес 3 дерек анықталған. Есірткі тұтынуға көндіру, аса ірі мөлшерде сақтау, ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабына сәйкес есірткіге масаң күйде автокөлік басқару бойынша бір-бір дерек тіркелген.

– Зансыз айналымнан 202 килограмм 622 грамм есірткі, оның ішінде 147 килограмм 445 грамм сора өсімдігі, 53 килограмм 933 грамм марихуана, 432 грамм гашиш, 806 грамм синтетикалық есірткі заты тәркіленді. Үй жағдайында сора өсімдігін өсірген 3 фито-зертхана анықталды, – деді Қызылорда ҚПБ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция капитаны Асылхан Абилақбаров.

Мобильді бекеттерде қызметтік іздетіру іттерінің көмегімен есірткіге қатысты теріс қылықтардың 20 дерегі, есірткіні зансыз жарнамалау деректеріне қатысты қылмыстық істер шеңберінде екінші деңгейлі банктермен 1100 есеп шот бойынша жалпы сомасы 90 миллион теңге бұғаттауға қойылып, қолма-қол ақшаны бақылау шотына сақтау жүргізуге тергеу сотымен 12 миллион теңге алу жүргізілген. Ал «Кибернадзор» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 1500 сайт енгізіліп, бұғатталған. Асылхан Абилақбаровтың айтуынша, есірткі жарнамасы бар 100 граффити-жазулары жойылған.

Жыл аяқталып келеді. Демек, келесі жылға қандай қорытындымен қадам басамыз деген сұрақ әрқайсымызды ойландыруы қажет. Басты үміт – бүгін жасалған қадам ертең қанат жайып, еңбекке, білімге, бәсекеге қабілетті жас



даму жолына қадам басқан жас аналар да бар. 400 АӘК мөлшеріндегі грантқа өтініш білдіріп, «Бизнес бастау» курсын ойдағыдай аяқтаған екі жас ана өз кәсіптерін бастап үлгерген.

– Жастарымыздың өміріне қатысты

буынның қалыптасуына жол ашса игі. Қалғаны уақыт еншісінде.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Жастар жаңалықтары



«Анаға тағзым» орталығында ұлттық нақыш заманауи стильмен тоғысты

«Анаға тағзым» орталығында «АНАҒА ТАҒЗЫМ collection» рухани-мәдени сән көрсетілімі өтті. Шара мақсаты – жергілікті дизайнер-тігіншілердің шығармашылығын насихаттау және заманауи ұлттық киімдерді жаңа деңгейге көтеру.

Көрсетілімде аймағымызға белгілі дизайнер-кәсіпкерлер Айман Әбді, Жазира Рамазан, Дана Марлен, Акерке Ахантаева, Айзат Мырзаева, Асель Елешеова және Алия Айтмұратқызының авторлық топтамалары көпшілік назарына ұсынылды. 30 үлгіден тұратын 9 коллекция көрерменнің жоғары бағасын алды.

Шараның басты жаңалығы – орталықтың эксклюзивті «АНАҒА ТАҒЗЫМ collection» топтамасы. Ол өткеннің даналығы мен этно-рухты бүгінгі минимализммен біріктіріп, 7 образдан құралған. Үш негізгі түске басымдық берілген топтамаға брезент, зығыр, купра және кенеп маталары қолданылып, киімдер кенеп жіпті өру, ширату және геометриялық кескіндермен безендірілген.

Көрсетілімде сонымен қатар орталықтың «Үкілі үміт» креативті кәдесыйы таныстырылып, ол отбасының татулығы мен сенімін бейнелейтіні жөнінде ақпарат айтылды.

Шара соңында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов сөз сөйлеп, аймақта креативті индустрияны дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ авторлық топтамаларын көпшілік назарына ұсынған дизайнер-тігіншілерге ризашылығын білдіріп, алғыс хаттар табыстады.

Арал ауданы акцияға үн қосты

Аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен Руханият орталығында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында «Әйелдер мен қыздарға қатысты цифрлық зорлық-зомбылықты жою» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге қала мектептері мен балабақшаларының бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағалары мен кәсіподақ мүшелері, сонымен қатар аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Қанағат Махамбетова, «Отбасын қолдау» орталығының бөлімше басшысы Махмұд Жақсылық қатысты.

Дөңгелек үстелді аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Жұмабай Мирманов ашты. Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Қанағат Әбдіхалыққызы цифрлық зорлық-зомбылықтың түрлеріне кеңінен тоқталып, күнделікті өмірден жиі кездесетін мысалдар келтірсе, Гүлмира Нұртұғанқызы зорлық-зомбылық салдарынан туындайтын мәселелерге кеңінен тоқталды. «Отбасын қолдау» орталығының бөлімше басшысы Жақсылық Жұмабайұлы жалғызбасты және жәбірленуші әйелдерге өзі қызмет ететін орталық ұсынатын көмек түрлерімен таныстырды.

Жарқын болашаққа – жасампаз жастармен

Аудан жастары жылды қорытындылауға арналған «Қазалы жастар форумы-2025» атты аудандық жастар форумын өткізді.

Аудан орталығындағы «ROYAL PALACE» салтанат сарайында өткен шарада қазалылық жастардың қол жеткізген жетістіктері мен жоғары көрсеткіштер сараланды. Басқосуға қатысқан аудан әкімі Алмасбек Есмаханов құттықтау сөз сөйлеп, қазалылық жастардың бағындырған белестерін ерекше атап өтті.

Жастар форумында өз мамандығы бойынша әр салада жемісті еңбек етіп жүрген жалынды жастар облыс және аудан әкімінің, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін жастар форумы көңілді кешке, аудан өнерпаздарының керемет ән-шашуына ұласты. Сондай-ақ жайдарманшы Құттыбай Сағындыков өнер көрсетіп, аудандық форумның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты.

«Қазақстан балалары» бағдарламасы – жарқын болашақтың бастамасы

А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейінде «Қазақстан балалары» бағдарламасы – жарқын болашақтың бастамасы» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесуге Қармақшы ауданы полиция бөлімінің Әкімшілік полицияның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімінің инспекторы Гүлнұр Дүйсенбекқызы, Қармақшы ауданы полиция бөлімінің Әкімшілік полицияның Ювеналды полиция тобының мектепке бекітілген инспекторы Ғалым Жұбатыр, ювеналды полиция тобының полиция лейтенанты Қайрат Еспанов, Қармақшы аудандық білім бөлімінің Кәсіподақ комитетінің төрайымы Ләззат Есханова, «Жастар денсаулық орталығының» қызметкері Амина Кетебаева, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Нұржұман Пірназаров арнайы қатысты.

Кездесу «Қазақстан балалары» бағдарламасы аясындағы жастар қоғамдық ұйымдарының ұсыныстарын қолдауды, зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстарды күшейту бағытында болды. Жиын соңында мектепшілік кәсіподақ комитетінің төрайымы қатысушылармер кері байланыс жасап, оқушылар өздерінің ой-пікірлерін жеткізді.

Құқықтық сабақ

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің студенттері Білім басқармасының тапсырмасына сәйкес аудандық ішкі істер бөліміне арнайы барып, құқықтық сабаққа қатысты.

Шара барысында жастар полиция қызметкерлерінің күнделікті жұмысымен, бөлімнің құрылымдық ерекшеліктерімен, құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерімен жакын танысты. Оларға «Заң және тәртіп» аясында құқықтық сабақ өткізілді. Аудандағы бейне бақылау камераларының міндеті түсіндірілді.

Колледж студенттері мамандардан қажетті мәлімет алып қана қоймай, өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, мазмұнды піір алмасу жүргізді. Мұндай шаралар жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға және болашақ мамандық тандауына зор ықпал етеді.

«Ақыл battle» интеллектуалды сайысы өтті

Руханият орталығында жоғары сынып оқушылары арасында «Ақыл battle» интеллектуалды сайысы өтті. Сайысқа жалпы 14 команда қатысып, өзара білім мен ой-өрісін сарапқа салды. Бағдарлама төрт кезең бойынша өткізіліп, қатысушылар логикалық ойлау, зейін, білім және тапқырлық бағыттары бойынша сынға түсті.

Сайыс қорытындысы бойынша ІІІ орынды №126 орта мектеп командасы немдесе, ІІ орынды №191 орта мектеп командасы, І орынды №135 орта мектеп командасы еншіледі.

Барлық қатысушы командаларға ынталандыру сыйлықтары мен алғыс хаттар табысталды. Ал үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаз командаларға бағалы сыйлықтар, дипломдар және арнайы статуеткалар тапсырылды.

Қазақ жеріндегі ежелгі өркениет үлгісі – Арыс мәдениеті

Руханият орталығындағы Шиселі аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейінің «Қазақ жеріндегі ежелгі өркениет үлгісі – «Арыс мәдениеті» атты көшпелі көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Шараға мәслихат депутаты Нұргүл Шәлекеева, «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейінің бас қор сақтаушысы Бақытбек Қасымов, аудан ардагерлері мен мәдениет қызметкерлері, қоғамдық даму бөлімінің қызметкерлері, жастар ресурстық орталығының мамандары, №127 Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-лицейінің оқушылары және аудан тұрғындары қатысты.

Іс-шара соңында «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейінің ұжымына аудан әкімінің атынан алғыс хат пен арнайы сый-сияпат табысталды.

9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні

Руханият орталығында «9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне» орай және «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында аудандық форум өтті.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, мемлекеттік қызметкерлер, зангерлер, компаенс-офицерлер, жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Форумды Бектас Балғабайұлы ашып, жемқорлықпен күрес жүргізу тек құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың ғана емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы екендігін атап өтті.

Форум барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысында белсенділік танытқан бірқатар белсенді азаматтар аудан әкімінің алғыс хатымен және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында аудан тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, мүлдем төзбеушілік қағидадан қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған мақала байқауының жеңімпаздары қоғамдық даму бөлімі басшысының дипломдарымен және қаржылай сертификаттармен марапатталды.

Дайындаған Аружан МАРАТҚЫЗЫ



қартасын әзірлеу, қажеттіліктерін анықтау мақсатында жастар орталығының мамандары 30 мөлтек ауданнан 4030 азаматқа адресітік жұмыс жүргізді. Ішінара мекен-жайда тұрмайтын, студент, ерекше азаматтар кездесуде, – деді Медет Жорабек.

Сонымен қатар спикердің айтуынша, әскер жасындағы жастарды қолдау және олардың мәртебесін нақтылау бағытындағы жұмыстар да жіті бақылауда. Тізімдегі 718 жас бойынша толық ақпарат жиналып, олардың ішінде 8 жас жігіттің қазіргі уақытта әскери қызметін өтеп жатқаны анықталған. Ал әскери борышын әлі өтемеген жастарға әскерге барудың маңызы, патриоттық парыз бен жауапкершілік туралы түсіндіру шаралары жүргізілуде. Сонымен бірге әскерден кейінгі мүмкіндіктер, яғни оқу гранттарына қол жеткізу, жұмысқа орналасудағы жеңілдіктер сияқты артықшылықтар туралы ақпарат арнайы түсіндірілуде.

Денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз, созылмалы аурулары бар, алкоголь және есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін немесе жарақаттан кейін оңалтудан өтіп жүрген жастарды анықтау мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасының есебіндегі 545 азаматтың тізімі зерделенді. Соның нәтижесінде NEET санатына жататын 25 жас анықталды. Бұл бағыттағы талдау жұмыстары жастардың денсаулығына байланысты қиындықтарға тап болған топтарын дер кезінде қолдауға мүмкіндік береді.

Жұмысқа жарамды мүгедектігі бар жастарды қолдау да назардан тыс қалмаған. Осы санаттағы 2 877 жас бойынша арнайы тізім жасалып, олардың ішінен ниет білдірген жастар «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындары жәрменкесіне шақырылған.

Айта кетейік, өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын дамытуға осы жылға 19 миллион 381 мың теңге қаржы қаралған.

Жастар мен жұмыс жайында

Нұрбол ЖҰМАБЕКОВ, Айдарлы ауылының әкімі:

АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӨНІМІН ҚАБЫЛДАЙТЫН ЗӘКІРЛІ КООПЕРАТИВ АШУ КЕРЕК

Басы 1-бетте

– Нұрбол Баянәліұлы, әңгімені таяуда ғана Мемлекет басшысымен өткен кездесуден бастасак... Алған әсеріңіз жайлы айтсаңыз. Президент сіздерге сенім артатынын айқын аңғартты. Мұның өзі үлкен жігер берген шығар... Қандай бастамалар болды?

– Әрине, жігер алып қайттық. Ауыл әкімдерінде сегіз сағаттық жұмыс уақыты жоқ. Олар күндіз-түні еңбек етеді. Құдай сақтасын, бірақ төтенше жағдай туа қалса, басы-қасында болып, ең соңынан қайтатын адамбыз. Жақында ғана ауылда тұрғынның қоражайы өртеніп, түннің бір уағына дейін сонда болдық. Мұндай жағдайға дайын болу үшін арнайы құрылғылар алдырып қойған едік. Соның көп пайдасы тиді. Ел болып жұмылдық. Ал қазіргі уақытта адамдардың қауіпсіздігі жолында көшедегі қаңғыбас иттермен күрес жүргізіп жатырмыз. Қыс болса топан сумен алысамыз, жаз болса аяқсу әкелу қамымен канал жағалаймыз. Осы еңбектің барлығы Президентпен кездесуде айтылды. Әкімдердің нақты статусы, функционалдық міндеттемелері, елдің алдындағы жауапкершілігі – мұның барлығына тоқталды.

Өзіме жақсы әсер қалдырғаны, ауылдағы инфрақұрылым жүйесі бірінші кезекте реттелуі керек дегені. Айта кетейін, мен осы кезде ауылдағы үш көшені күрделі жөндеуден өткізуге жоба дайындаып жатырмын. Олар: Шамақов, Нұртаза және Сәтбаев көшесі. Біздің ауылда орталық алаң жоқ. Өткен жолы ойын алаңын салғанбыз, енді сол жұмысты жалғап, орталық алаңның қамына кірістік. Мұның да жобасы демеушілікпен жасалуда. Айналадағы кәсіпкерлердің арқасында бюджеттен бір тиын алмай, көп жұмыс істеліп жатыр. Әйткенмен, біздің маңайда ірі кәсіпкерлер жоқтың қасы. Соны ескере отырып, аудан әкімі Берік Әбдіғаппарұлы елді мекенді газға қосу жобасын демеушілер арқылы дайындаып берді. Қазір біз қажетті мәліметтерді жинақтадық. Осы жобалар оң нәтиже беріп, сәтті аяқтасақ, ауылдан жылыжай, монша тәрізді кәсіптердің жандануына оң ықпалын тигізер еді.

– Президент әкімдердің өкілеттілігіне байланысты мәселе көтерді. Әңгіменің ашығы, қазір ауылда әкімнің қолында көп нәрсе жоқ. Тіпті елдегі білім, мәдениет, медицина нысандарының өзіне сөзі жүрмейтін кездер болады. Бұл ақиқат қой...

– Ауылда көкейінде сауалы бар адам әуелі ауыл әкіміне барады. Мәдениет саласы ауыл әкіміне қарайды. Ал білім мен медицинаны ауданға беру жөнінде мәселе көтерілген. Десе де, бұл бастама көтерілмей тұрып та ауылдық жерлерде әкімнің барлық жұмысты үйлестіру жұмыстары да қалыпты жүріп келеді. Бәлкім, әр ауылда әр түрлі болуы да мүмкін. Дәрі-дәрмекті уақытылы ала алмаса да, мал тіркеуде түйткілдерге тап болса да әкімдікке келеді. Біз мұндай мәселелерді сала-сала бойынша мамандарына бағыттап, дұрысын көрсетеміз.

– Төртінші деңгейлі бюджетке байланысты... Ауылдың бюджеті жоғары болуы үшін кәсіп көзі болу керек, кәсіпке қолайлы орта болуы керек. Мұның барлығы айтпаса да түсінікті. Жалпы түсінікте халықтың әлеуметтік жағдайы көп мәселені шешеді. Қоғамдық-саяси ахуал да осыған байланысты. Осы ретте кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы сұрақ туындайды. Ауылдарда орындалуы қалай?

– Айдарлы ауылы мал шаруашылығына бағытталған. Кеңес үкіметінің тұсында 6 мың басқа дейін асыл тұқымды сиыр ұстаған. Дарияның етегінде жатқан соң тиімділігі зор. Ауылдағы ақсақалдардың айтуынша, ауылда 2 мың гектардан аса малазықтық дақылдары егілген. Сондықтан мал шаруашылығына қосымша егін шаруашылығына да бетбұрыс жасап жатырмыз. Қазір халық әрқайсысы өз шамасына қарай 5 гектардан, 10 гектардан жер ашып, жоңышқа тәрізді дақылдарды егіп жатыр. Бақша егіп жатқандар да жетерлік. Мұнан бөлек, 2023 жылы «Бәйтерек» кооперативі «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 27,4 млн теңге несие алған. Киіз басу, киіз өнімдерін дайындау жобасы бойынша. Биыл асыл тұқымды ешкі асырау бағытында «Айдарлы өнімдері» кооперативі 12 млн теңге несие алған. «Ауыл аманаты» бойынша қолға алынған бұл жоба да қолдау тапты деп айтуға негіз бар. Биыл бес азамат мал шаруашылығы бағытында қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізді.

Тағы бір айта кетерлігі, Айдарлының қауын-қарбызы бренд ретінде қалыптасып келеді. Осыған байланысты кәсіпкерлермен келіссөз жүргізіп жатырмын. Бақша дақылдарын егу, оны өңдеу, сусын, тосап, қауынқақ тәрізді өнімдерді дайындап, халыққа ұсынасақ, қандай керемет. Жаз бойы қалаға қауын-қарбызды қалаға тасиды. Кейде басқа қалалардан келіп, егіс басынан жинап кетіп жатады. Әрине ол кезде бағасы төмен болады. Ал егер оны өңдесе, өнім ретінде сатуға шығарса, шаруаның маңдай тері ақталып, жақсы пұлданатын еді. Өнімді шикі емес, өңделген күйінде сатсақ, әрі жақсы кәсіпке де айналар еді.

Мемлекет басшысының өзі өнім өңдеуге, өңдеу өнеркәсібі, өндіріс орындарын ашу бағытында бірқатар тапсырма берді. Қазір елдегі өндіріс саласының дамуы қарқынды. Ендігі мәселе біз шикізатты емес, өңделген дайын өнімді ұсынуға



дағылануымыз керек. Әлгінде мен айтып отырған қауын-қарбыздың да мәселесі осында жатыр. Жерге тастаған дәннен алған өніміңіздің дайын өнімге дейінгі процесі бейнет екені рас. Бірақ дайын өнімнің бағасы қымбат болады. Ауыл халқының жағдайының жақсарып, қолы аузына жетіп жатса, ол – қуанышты жағдай. Ел болып

керек болып тұр. Өткен жылы ауылдың Уәлихан, Тораңғыл деген екі каналын демеушілердің есебінен қаздырып, арнаны кеңейттік. Биыл дариядан бері қарай су әкелетін Ақтам каналының сағасын су шаруашылығы қазып берді. Ендігі кезекте сол сағадан бері қарай қазу керек. Қоға өсіп кеткен тұсын тазалап алсақ. Бұл бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Тиісті мекемеге хат жаздық. Ел бойынша су тапшылығы бар екені жасырын емес.

Бірақ деңгейіміздің жеткен жеріне дейін еңбек етіп, елдің ауласына өзіне керекті көкөнісі мен жемісін егіп жеуіне мүмкіндік беру керек. Қол қусырып, қарап отыруға болмайды. Өткен жылы электрлік су тартқышты пайдаландық, кезектесіп суардық, жаман болған жоқтыз. Бақшаны да егіп жатырмыз, жоңышқаға да су жетті. Төрт күн ауылға, үш күн бақшаға деп бекітіп, кесте бойынша су алдық. Бұл бағытта жағдай жаман емес.

– Нұрсеке, көп ауылда бағдарлама талабына сай кооперативтер ашылып жатыр. Президент те осы бағытқа көп көңіл бөлу керегін айтты. Бірақ менің түсінбейтінім, сол тізімнен мына жағдайды көруге болады. Үш адам кооперативке бірігеді, үшеуі де мал бордақылайды. Біздің түсінікте кооперативте біреуі мал бордақыласа, екіншісі жем-шөп дайындайды, ал үшіншісі ет өнімдерін өткізеді. Сіздің көзқарасыңызда осы дүниелер қалай өзі?

– Өте орынды сұрақ. Біз кооператив ашуға жұмыс істейміз, кәсіп ашуға сүйемелдеп, қажет көмегімізді береміз. Бірақ осы ретте кейбір талаптар өте қатал екені рас. Сол талаптар ауылдың жағдайына ыңғайланып жасалса дейміз. Осындай ұсынысымыз бар. Әйтпесе, кәсіп жасауға ынтасы бар қанша адам көп қадамнан өтіп барып, түбіне жақындағанда тоқтап қалады. Осы ретте кәсіпкердің де көзқарасы ескерілсе дейміз. Мәселен, үш адам отыз ешкі алды делік. Біреуі малға қараса, екіншісі сүт өнімдерін дайындаса, үшіншісі апарып өткізсе, қандай үйлесімді.

– Ауыл шаруашылығынан да хабарыңыз бар. Қазіргі ет бағасын алайықшы. Оның арғы жағында жем-шөптің, тірі малдың, қажетті дәрі-дәрмектің құны тұрады. Ал қоғамдағы барлық қымбатшылық та басқа адамдарға қалай әсер етсе, ет сататын кәсіпкерге де олай ықпал етеді. Мәселен, ол да азық-түлік сатып алады, киінеді, тағысын тағы. Бәлкім, азық-түлік бағытындағы субсидияны ортадағы делдалдарға емес, ауылда сол азық-түлікті табан

ет, маңдай терімен дайындайтындарға тікелей берсе, бәлкім ет бағасын тұрақтандыруға Үкімет ауылдарға бөліп, шаруаның малын сатып алып, оны халыққа қажетті бағасымен берсе... Мүмкін, жоғарыдан басталған қомақты субсидия ауылға тамшы болып қана жететін шығар... Ауылға жаны ашитын азамат ретінде көзқарасыңызды білсек...

– Мемлекет басшысының өзі егіс даласынан саудагердің сөресіне дейін делдалсыз сату саясаты осыдан екі-үш жыл бұрын көтерілген болатын. Ауылдағы өнім қалаға тіке жеткізілу керек деген еді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жандануы керек деп санаймын. Мәселен, мал бағып отырған адамның қалаға барып, сататын екі ғана жолы бар. Бірі мал базарға тірілей сатады, екіншісі, мал сою пунктіне апарып сойып, өткізіп кетеді. Тағы бір жолы – ауылдан жіліктеп сатады. Бұл – арзан сатылатын жол. Менің ұсынысым, әр ауданға жәрмеңке тәрізді уақытша сатылатын мүмкіндік жасау. Әр өнімнің уақыты бар ғой, мысалы, бақша өнімдері жаздың аяғынан күздің басына дейін. Етке де сондай орталық керек. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша әрбір ұсынысты елеп-ескеріп, түртіп алып жүретін Индира Сансызбайқызының жұмысын ерекше айтар едім. Әрбір аудан орталығында және облыс орталығында осындай бір кооператив болса... Мысалы, сондай кооперативті Ж.Маханбетов ауылында ашылады деген еді. Ол кооператив ет пен сүтті тікелей халықтан қабылдайды. Сосын тұтынушыға береді. Кәсіпкер өнімін қайда апарамын деп бас ауыртпайды. Тағы бір айта кетерлігі, ол кооперативтер де бағаны жерге ұрмай, халықтың еңбегін бағалап отырса. Сол кезде субсидияны сол зәкірлі кооперативтерге де беруге болар еді... Мемлекет оларға қолдау көрсетіп отырғандықтан, талап ету керек. Мәселен, мына бес ауыл сізге қарайды, сол бес ауылдың өнімін тұрақты қабылдауыңыз керек деп. Сол кезде әрбір ауыл өзінің мүмкіндігіне қарай өнім өткізіп отырар еді...

– Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. Ауылды қайтсек, дамытамыз?

– Біз кешегі жазда ауыл әкімдерінің оқуында болдық. Сол уақытта әрбір ауыл әкімі өзінің ауылына талдау жасады. Ауылдан не шығады, қандай көлемде шығады, қандай мүмкіндіктері бар деген сауалдарға жауап бердік. Сол себепті, бұл мәліметтердің әрбір орталықта бар және оған байланысты жобалар жүзге асырылып жатыр деп ойлаймын. Әрбір ауыл әкімі ауылдың мүмкіндігін жақсы біледі. Демек, мұндай зәкірлі кооперативтер ауылды дамытуға ауадай қажет.

Күзде баласы мектепке баратын ата-аналардың басында көп болатын жағдай. Малын базарға апарып, арзанға сатып кетіп жатады. Ал егер орталықтандырылған баға болып, оны солай қабылдайтын жер болса, онда шаруаның да бейнеті ақталады. Әрі халықтың да мал шаруашылығына, бордақылау мен көбейтуге ынтасы артады, несие алып, көсібін дамытатындар да көбейетініне сенімім мол.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

Жақында Елорда төрінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен жиында «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттары, сонымен қатар «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының жеңімпаздары марапатталды.

Марапаттау рәсімі барысында Президент:

– Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрсіздер. Бұл – өз кәсібіне адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет сіздерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын, – деп кәсіпкерлердің жұмысына айрықша тоқталды.

Кәсіпкерлік салада бой көтеріп, ел дамуына үлес қосып, ерекшелігімен һәм оң нәтижемен көзге түскен кәсіпкерлердің қатарында қызыл-ордалықтар да бар. Бизнестің көзін тапқан жерлестеріміз Мемлекет басшысының қолынан «Алтын сапа» мен «Парыз» сыйлықтарын иеленді.

– Быыл шілде айында өзіміздің өңірде «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсы өткізіліп, 9 жеңімпаз анықталды. Ал 12 тамыз күні облыс бойынша өңірлік сараптама тобының отырысы өтіп, «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдары қа-

«АЛТЫН САПА», «ПАРЫЗ», «ҮЗДІК ТАУАР»: ЖЕРЛЕСТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

ралды. Өңірден «Асыл Дән» ЖШС, «Марал-Нұр» ЖШС, «Таң LTD» ЖШС өтінім берді, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық.

Жеңімпаздарға тоқтала кетсек, сапа бойынша жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін «Марал-Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Мұрат Нұрсейітовке «Алтын сапа» сыйлығы, «Қазақстанның үздік отандық тауар өндірушісі» номинациясы «Асыл дән»

ЖШС басшысы Нұрлан Алдамжаровқа берілсе, «СКЗ-У» ЖШС бас директоры Сағыныш Орынбасаров «Парыз-2025» сыйлығының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталды.

– Қазақта «Бейнеттің зейнеті бар» деген сөз бар. Міне, қанша жылғы еңбек ақталды. Мемлекетіміз бізді қолдап, лайықты марапатқа ие болдық. Біз өте қуаныштымыз. Бұл салада еңбек етіп келе жатқанымызға 15 жылдан астам уақыт болды. Бүгінде

226 адамды тұрақты жұмыспен қамтып ғана қоймай, 5 облысты қамтитын екі облысаралық бағытта жолаушылар тасымалын жүзеге асырып, жыл сайын 800 мыңнан аса жолаушыға қызмет көрсетеміз, – деді «Марал-Нұр» ЖШС құрылтайшысы Мұрат Нұрсейітов.

– Бұл марапат біздің компаниямыз үшін үлкен мәртебе, ерекше жетістік. Осы «Үздік тауар» атағын алу үшін бірнеше тексерістен өтіп, тауарымызды сертификаттадық.

Бұл атақ алдағы бес жылда бізге өз көмегін көрсететін болады. Сапаны қатаң бақылау мен өндіріс процестерін үздіксіз жетілдірудің арқасында компания өнімдері Қазақстан аумағында және шет елдерде тұрақты сұранысқа ие, – деді «Асыл дән LTD» ЖШС директоры Нұрлан Алдамжаров.

«Асыл дән LTD» ЖШС – 2013 жылы құрылған Қазақстандағы жетекші күріш өңдеу кәсіпорындарының бірі. Бүгінде компанияда 63 білікті маман еңбек етеді. «Лидер», «Янтарь», «Элита», «Баракат» сорттарын, сондай-ақ терең өңделген өнімдер, күріш ұнтағы, қауыз және тары өнімдерін өндіреді.

«Парыз-2025» сыйлығының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясын иеленген «СКЗ-У» ЖШС – Жаңақорған ауданында орналасқан кәсіпорын. Зауытта 273 адам жұмыс істейді, олардың 90%-дан астамы – жергілікті тұрғындар. 2007 жылдан бастап индустрияландыру бағдарламасы аясында іске қосылған кәсіпорын жылына 500 мың тонна қуаттылықпен күкірт қышқылын өндіреді. Бүгінге дейін кәсіпорын 6,5 млн тоннадан астам өнім шығарған.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ТӘРТІП САҚШЫСЫНЫҢ ӨМІРІНЕН ҮЗІНДІ: БҮГІННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Басы 1-бетте

Полиция қызметкерінің жұмыс күні 7:30-да басталады. Осы уақытта олар саптық жиынға дайындалады. Қызметкер ең бірінші өзінің құрал-саймандарын алады. Қызметке шығу үшін өзіне керек радиобайланыс, резина тақшасы, дубинка, броник, портативті жетонды алуы тиіс. Бұл құралдар арнайы орында сақталады. Сондықтан жұмысқа қажет заттарды қол қойып, тиесілі таңбалар арқылы алады. Жиынға дайындықтың соңғы кезеңі – табельді қарудың дайындығы. Бұдан кейін сақшы жұмыс күніне дайын. Саптық жиында командир олардың алдағы күнге дайындығын тексереді. Үстіне киген нысандық киімнен бастап қызметтік куәлікке дейін қаралады. Одан кейін кезекші сол күні болатын қалалық, облыстық, республикалық шаралар туралы, қандай жағдайларға дайын болу керетін айтады. Бұл мәселемен қалай және қандай шара атқарылуы керек екенін де атап өтеді.

Әр мамандықтың ерекшелігі мен қиындықтары болады, бірақ елдің тыныштығына жауапты полиция қызметкерлерінің жұмысы күтпеген оқиғаларға толы. Сағат 9-дан бастап учаскеге және желіге көптеп хабар түсе бастайды. Олардың себебі де әртүрлі. Бірде отбасылық жанжал, бірде көшедегі төбелес, енді бірде дүкенде жасалған ұрлық туралы хабар түссе, кейде тіпті «үйде жарық өшіп қалды» деп хабарласатын тұрғындар да бар көрінеді. Қалай болғанда да, 102 нөміріне түскен әрбір қоңырау назардан тыс қалмайды. Оқыс оқиғаның жанында ең бірінші болып жүретін, алдыңғы шепте тұратын да осы – патрульдік полиция.

Полиция қызметкерлерінде кеңсе қызметкерлері сияқты нақты белгіленген регламент, яғни жұмыс уақыты жоқ десе де болады. Иә, заң жүзінде жұмыс уақыты 8 сағат деп белгіленген. Алайда нақты өмірде сақшы «8 сағат өтті, жұмысым бітті» деп қызмет орын тастап кете алмайды. Егер ауысым аяқталар тұста ауыр қылмыс жасалса немесе күрделі жол-көлік оқиғасы орын алса, олар іс толық аяқталғанша, тергеу тобы келгенше сол жерде болады. Мәселе шешімін таппай, хаттама толтырылмай, зардап шеккендерге көмек көрсетілмей тұрып, көңілді басқаға бөлу, үйге қайту мүмкін емес. Бұл – жазылмаған заң.

Онымен қоса, табиғаттың мінезі мен ауа-райы да 24/7 қалыпты бола бермейді. Бірде нөсерлеп жаңбыр құйса, бірде қалың тұман түседі, енді бірде сүйектен өтетін аяз қариды немесе аптап ыстық болады. Полиция қызметкерлері оған да бейімделген. Олар «Жаз мезгілі. Күн ыстық. Бүгін сыртқа шықпаймыз» деп үйде жатып не көлеңкеде тұра алмайды. Қызылорданың аптап ыстығында да, қыстың қақаған суығында да қатарда тұрады. Күн суытса да, қызметтік борышын өтейді. Өздеріңіз байқағандай, кейде қаламызда қар, жаңбыр жауып техникалық ақаулар болып, бағдаршамдар істен шығады. Сол кезде үлкен жол қиылыстарындағы көлік кептелісін, апатты жағдайды болдырмау, бұл мәселені реттеу үшін полиция қызметкері келеді.

– Біздің басты мақсатымыз – қылмыскерді ұстау ғана емес, ең алдымен халықтың денсаулығы, өмірі, тыныштығы мен қауіпсіздігі. Сол себепті біз барлық жағдайға, мейлі ол табиғи апат болсын, мейлі қылмыстықоқиғаболсын, сақалдайсай болып шығамыз. Байқасаңыздар, кейде қызметкерлер мектеп оқушыларын топтастырып, қауіпті жол бөліктерінен өткізеді. Бұл да біздің құрамның тікелей міндетіне кіреді. Бұл жай қызмет емес, бұл – адамгершілік қасиет. Себебі әрбіріміздің үйімізде бала бар, олардың қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Одан бөлек жолда қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмектесу секілді игі істерді де күнделікті атқарып жүреміз, – деді өз сөзінде полиция майоры Ержан Шамахов.

Полиция жұмысының тағы бір маңызды ерекшелігі – ұжымдық жұмыс және серіктестік. Патрульдік экипаж әрқашан екі немесе одан да көп адамнан тұрады. Олар қызмет барысында бір-біріне туған бауырдай сенім артады. Қауіпті сәттерде бірін-бірі қорғайды. Қарулы қылмыскермен бетпе-бет келгенде немесе топтасқан бұзақыларды құрықтау кезінде арттағы серігінің сенімділігі өмірлік маңызға ие. Әрбір жедел шақырту кезінде олардың әрекеттері



бір тұтас, үйлесімді, алдын ала ұйымдастырылғандай болуы керек. Бұл тек кәсіби дағды ғана емес, жылдар бойы қалыптасқан сенім мен бауырмалдықтың белгісі.

Көшелер мен аулалардағы тыныштық – әрбір қызметкердің күнделікті, кейде көзге көрінбейтін тынымсыз жұмысының нәтижесі. Қоғамдық тәртіп – өздігінен орнайтын дүние емес, ол тұрақты назар мен күш-жігерді талап етеді. Ал патрульдік қызметкер өз міндеттерін лайықты атқаруы үшін тек заңды білу аздық етеді. Адалдық, ұстамдылық, сыпайылық және адамдарға деген шынайы құрмет қана халықтың сеніміне ие болуға мүмкіндік береді.

Мамандық уақытпен санаспайды

Адам болған соң өмірде әртүрлі оқиға болады, жақсысы да, жаманы да қатар жүреді. Патрульдік полиция қызметкерлерінің міндеті – тек қоғамда болып жатқан мәселелерді, дау-дамайды шешіп қана қоймай, оның алдын алуда әртүрлі профилактикалық шаралар жүргізу. Қазіргі қоғамда адамдардың көбісі бекітілген жұмыс уақыты арасында жұмыс істеуді қалыпты жағдай деп санайды. Демалыс күндерін асыға күтеді. Ал бұл мамандық иесі күндіз-түні қызмет етеді. Полиция қызметінің ерекшелігі – қылмыс пен құқық бұзушылық уақыт таңдамайды, мереке немесе демалыс деп қарамайды. Төтенше жағдайлар, жол апаттары, азаматтардың қауіпсіздігіне төнген қатер – мұның бәрі тәуліктің кез келген мезгілінде, түн ортасында не таңда туындауы мүмкін. Сондықтан патрульдік полиция қызметкері өз өмірін, отбасылық жоспарларын және жеке уақытын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мүддесіне толықтай бағындырады. Олардың жұмысы кезекшілік кестесімен жүреді және көбіне шұғыл шақыртуларға байланысты демалыс күндері мен жаңа жыл, Наурыз сияқты мерекелік мейрамдарда да күшейтілген режимде қызмет етуге тура келеді. Жұрт мереке тойлап жатқанда, олар сол мерекенің тыныш, қауіпсіз өтуін қадағалайды.

Бұл тек мамандық емес, бұл – өмір салты және қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Ол адамнан қажырлылықты, жанқиярлықты және әрдайым, тіпті кез келген секундта дайын тұруды талап етеді. Біз көбіне полицияны тек басымызға іс түскенде, оқыс оқиға орын алғанда ғана еске аламыз. Кейде айыппұл салғаны үшін сынаймыз, кейде іс баяу жүрді деп ренжиміз. Алайда, әділ бағасын беру үшін бір сәт ойланып көрейікші. Егер бір күн, тек бір ғана күн қалада полиция болмаса не болар еді? Жолдардағы ретсіз кептеліс, бейберекетсіздік, қылмыстың өршуі, күштінің әлсізге әлімжеттік. Мүмкін қарапайым ғана аулаға, дүкенге шығудың өзі үлкен қорқыныш болар ма еді? Мұның бәрі біздің қалыпты, жайлы өмірімізді астан-кестен етері сөзсіз.

Тәртіп сақшысының поғонындағы әрбір жұлдыз, маңдайындағы әрбір әжім, ұйқысыз өткен түндер бұл сала екінің бірінің қолынан келмейтінін дәлелдейді. Бұл жұмыс шыдамдылық пен ерлікті талап етеді. Ержан Шамахов сияқты мыңдаған офицер мен сержанттардың күнделікті орындалатын ерлігінің арқасында біздің балаларымыз алаңсыз күліп, тәуелсіздіктің дәмін татып, тыныш ұйықтайды.

Полиция қызметкерінің өмірі – қызғлт көзілдірікпен көретін, атыс-шабысқа толы фильмдер мен кинодағы романтикалық, алдамшы образ емес. Бұл – нағыз, маңдай тер мен ауыр еңбектен, қауіп пен қатерден тұратын өмір. Бұл жолды таңдаған адамдар отанға қызмет ету деген парызды жүрегімен, жан-тәнімен сезінгендер. Олардың бойындағы патриотизм, әділдікке деген құштарлық және қиналған адамдарға көмектесуге деген ізгі ниет кез келген қиындықты еңсеруге күш береді. Ендеше, көшеде, жол қиылысында немесе іс-шараларда қызметтік борышын өтеп жүрген сақшыны көргенде, оған құрметпен қарау, олардың еңбегін бағалау – біздің азаматтық парызымыз. Себебі олар – біздің қауіпсіздігіміздің кепілі, бүгінгі күннің қаһармандары!

Мерей ШӘКРАТ

БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ДЕПРЕССИЯ: АЙТЫЛУЫ ТИІС ЖАСЫРЫН МӘСЕЛЕ

Босанғаннан кейінгі кезең әдетте бақытты сәт деп қабылданады: отбасында сәби дүниеге келеді, туыстар құттықтайды, ал жас анаға көптеген жылы тілек айтылады. Алайда осы сыртқы қуаныштың астарында қоғамда көп айтыла бермейтін бір күрделі жағдай жасырынуы мүмкін. Ол – босанғаннан кейінгі депрессия.

Маман ретінде көбіне босанғаннан кейін артық салмақтан арылғысы келетін әйелдер келеді. Бірақ осы өтініштің артында жиі терең эмоционалдық қиындықтар мен мазасыздықтар жатқанын байқаймын.

Бүгінде зерттеулер Қазақстандағы әрбір сегізінші әйелдің осы жағдайға тап болатынын, алайда олардың көбінің көмек сұрамайтынын айтады. Бұған ақпараттың жеткіліксіздігі, өзін кінәлі сезіну және қоғам тарапынан айыптаудан қорқу себеп болады.

Неліктен мұндай жағдай болады?

Біріншіден, әрине, әлеуметтік қысым. Қазақстандық отбасыларда әйелдің бәріне өзі төтеп беруі, шыдамды, сабырлы болуы, шағымданбауы тиіс деген көзқарас жиі кездеседі. Жас ана баласына қарап, үйді реттеп, бәріне үлгеруі керек деген талаптар оның эмоционалдық жүктемесін күшейтеді.



Екіншіден, психологиялық көмектің жеткіліксіздігі. Жүктілік кезінде әйелдің физикалық саулығына баса назар аударылады, ал психологиялық қолдау екінші кезекте қалып қояды. Көптеген әйел өз жағдайының әлсіздік емес, медициналық мәселе екенін түсінбейді, сол үшін де маманға жүгінбейді.

Бұдан бөлек, мәдени ұстанымдар да бар. «Бәрі туып жатыр ғой, ештеңе болмаған», «баланы ойла, өзінді емес» деген секілді сөздер әйелдің шынайы жағдайын айтуға мүмкіндік бермейді.

Босанғаннан кейінгі депрессия қалай байқалады?

Босанғаннан кейінгі депрессия – бұл жай шаршау немесе уақытша эмоциялық өзгеріс емес.

Ол босанғаннан кейін бірнеше апта немесе ай ішінде дамуы мүмкін психозомоционалдық жағдай. Оның негізгі белгілері – ұзақ уақыт мұнаю, немқұрайлылық, үмітсіздік сезімі, мазасыздық, ашуланшақтық, бұрын қуаныш сыйлаған дүниелерге қызығушылықтың жоғалуы, сәбиімен эмоционалдық байланыстың әлсіреуі, ұйқы мен тәбеттің бұзылуы, өзін-өзі кінәлау сезімі және «мен жаман анамын» деген ойлар. Бұл белгілер екі аптадан ұзақ сақталса, маманға жүгіну қажет.

Қалай көмектесе аламыз?

Әйел үшін ең маңыздысы – түсіну мен қолдау. Үй шаруасына көмектесу, оған демалуға уақыт беру, ұйқыны қалпына келтіруге жағдай жасау оның психикалық жағдайын айтарлықтай жақсартарды. Психолог жағдайдың ауырлығын

бағалап, қажетті терапияны ұсына алады. Қажет болған жағдайда бала емізетін әйелдерге қауіпсіз дәрілер тағайындалады. Осындай кезеңнен өтіп жатқан басқа аналармен қарым-қатынас жасау әйелге өзін жалғыз еместей сезінуге көмектеседі.

Босанғаннан кейінгі депрессия – әлсіздіктің белгісі емес. Бұл – анемия немесе қан қысымының жоғарылауы сияқты емдеуді қажет ететін медициналық жағдай. Отбасы мен медицина мамандары алғашқы белгілерді ерте байқаса, ананың қалпына келуі тезірек болады, ал сәби дені сау әрі тыныш ортада өседі.

Босанғаннан кейінгі депрессия бар және оны емдеуге болады. Ең маңыздысы – бұл туралы жасырмау керек, қорықпай көмекке жүгіну және жас аналарды қолдау. Әйелге көрсетілген қамқорлық – болашақ ұрпақтың саулығына жасалған қамқорлық. Қазақстандағы әрбір ана өзін қауіпсіз, қолдау тапқандай сезінетін жағдай жасау – біріміздің ортақ міндетіміз.

Жанна НҮРБЕРГЕН,
Астана медицина университеті академик Е.Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері дәрігер диетолог.
Жанар КАЛМАКОВА,
гигиенист-дәрігер, нутрициолог, Қызылорда жоғары медициналық колледжінің директоры

ӨНІРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ОҢ ҮРДІС БАЙҚАЛАДЫ



Биыл облыстың денсаулық сақтау саласында негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің оң үдерісі байқалады. Мәселен, күтілетін өмір сүру жасының орташа көрсеткіші өткен жылы 74,2 жас болса, биыл бұл көрсеткіш 75,15 жасты құрады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстың Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков мәлімдеді.

– Тұрғындардың денсаулығын нығайту – саламыздың маңызды міндеттерінің бірі. Соның ішінде біз басым бағытты ана мен бала денсаулығын сақтауға беріп отырмыз. Жыл басынан бері облыста 13 643 нәресте дүниеге келді. Бүгінгі таңда ана мен бала денсаулығын сақтау саласының материалды-техникалық базамен жабдықталуы 90,5 пайызды құрап отыр. Жыл соңына дейін Көпбейінді облыстық балалар ауруханасына магнитті-резонансты томограф алынатын болады. Одан бөлек, мүгедектігі бар балаларды реабилитациямен қамтуды ұлғайту мақсатында елімізде аудан деңгейінде алғаш рет Жаңақорған көпбейінді орталық аудандық аурухана базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды, дәл осындай орталық Арал ауданында да ашылып, өз жұмысын бастады. Сонымен қатар облыстық перинаталды орталық базасында «Бір күндік клиника» пилоттық жобасы және «Ұрықты қорғау орталығы» ашылып, құны 145 миллион теңге тұратын заманауи ультратыбысты зерттеу аппараты алынды. Емханалар мен перинаталды орталық жанынан «Әйелдер консультациясы», «Ситуациялық орталық» және үздіксіз біліктілікті арттыру мақсатында «Симуляциялық орталық» құрылды, – деді Олжас Ермекулы.

Өңірде денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдерінің клиникаларында біліктіліктерін арттырған.

– Кейінгі 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 375 млн теңге бөлінді. Негізгі басымдық ана мен бала денсаулығын қорғау тақырыптарына беріліп, 84 акушер-гинеколог, 44 неонатолог, 42 реаниматолог, 19 педиатр дәрігерлер оқытылды. Неонатологтарға арналған Ресей мемлекетінің профессорларымен көшпелі мастер-класс өткізіліп, 40 медицина қызметкері қатысты, – деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аймақта қарқынды жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында 27 нысан пайдалануға берілген. Жакын күндері Арал және Қазалы аудандандық көпбейінді аурухана ғимаратының қосымша құрылыстары пайдалануға беріледі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы

АУДАНДЫҚ АУРУХАНАДА АЛҒАШ РЕТ АРИТМОЛОГИЯЛЫҚ ОТА ЖАСАЛДЫ

Еліміз бойынша аудандар арасында алғаш рет Қызылорда облысының Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасында жоғары мамандырылған, аз инвазивті аритмологиялық оталар жасала бастады. Бұл инфаркт, инсульт және басқа да жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға көмектеседі. Барлық ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүргізілді.

Алғашқы пациенттердің бірі – Әйтеке би кентінің тұрғыны 67 жастағы Кеңес Жалмағамбетов. Ол бес жылдан бері жүрек ырғағының бұзылуы бойынша бақылауда тұрған. Пациентке жүрек ырғағын реттейтін шағын құрылғы, яғни электрокардиостимулятор сәтті орнатылды. Отадан кейін жүрек соғысы қалпына келді.

– Жүрегім ауырып, қан қысымым көтеріліп, тынысым тарылып, жүрегім дүрсілдеп тұрды. Электрокардиостимулятор орнатылғалы өзімді жақсы сезінемін. Дәрігерлерге мың алғыс! – деді Кеңес Жалмағамбетов.

Дәл осындай ота Өркендеу ауылдық округінің 65 жастағы тұрғыны Ұрзада Әбдімәлікқызына да жасалды. Ол облыс орталығына медициналық көмекке жүгінуді жоспарлаған, алайда қажетті көмекті өз ауданында алды.



– Бір ай бұрын ЭКГ жүрек соғысының әлсіз екенін көрсетті. Облыс орталығында холтерлік бақылаудан өттім. Кеше дәрігерлер электрокардиостимулятор орнатты. Тез сауығып кеттім, тыныс алуым жеңілдеді. Дәрігерлерге рахмет, – деді емделуші.

Оталарды жүргізу үшін Алматы қаласындағы №7 қалалық клиникалық ауруханасының интервенциялық аритмолог дәрігері Қанат Алдабергеноұлы және облыстың штаттан тыс аритмологы Нұрболат

Лепесов шақырылды. Мамандар ангиограф аппаратының көмегімен электрокардиостимуляторды имплантациялау, радиожиілік абляциясы және өкпе қан тамырларына криоабляциясы сияқты 7 ота жасады.

– Бұл оталардың барлығы МӨМС жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, радиожиілікті абляцияның құны шамамен 7 млн теңге, бірақ сақтандырылған пациенттер үшін тегін. Аз инвазивті бұл ота кезінде жоғары жиілікті ток аритмия тудыратын жүрек бұлшықетінің ошақтарын бұзады. Пациент есінде қалады және бірнеше сағаттан кейін жүре алады, – деп түсіндірді аритмолог Қанат Алдабергеноұлы.

Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бөлім меңгерушісі Кеңесары Баспаевтың айтуынша, енді мұндай оталар тұрақты түрде жүргізіледі.

– Бұл, әсіресе, жүрек-қан тамырлары аурулары бар пациенттер үшін аса маңызды. Әр минут қымбат. Хирургиялық емнен кейін инсульт пен инфаркт қаупі айтарлықтай төмендейді, жүрек ырғағы қалыпқа келеді, – деді дәрігер.

Жыл басынан бері әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасына шамамен 7,6 миллиард теңге бөлінді.

Айгүл АХАНОВА

• Керек дерек

МИДЫ ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН ӘДЕТ

Невролог Байбин Чэн 80-90 жасқа

дейін өмір сүріп, ақыл-ойын айқын күйде сақтап қалған адамдардың бәріне тән бір ортақ қасиет бар екенін мәлімдеді.



Дәрігердің айтуынша, көптеген егде жастағы пациенттерімен сөйлескен уақытта олардың миы жас сақтап қалуына әлеуметтік белсенділік көмектесетінін байқаған.

– Иә, дұрыс тамақтану мен дене белсенділігі маңызды. Бірақ бұл жандарды біріктіретін негізгі фактор – олардың үнемі адамдармен араласуы. Ұзақ өмір сүретіндерге жүргізілген соңғы зерттеулер олардың миында эмоция, назар және әлеуметтік байланыстарға жауапты алдыңғы белдеулік қыртыс жақсы дамығанын көрсетті, – дейді дәрігер.

Неврологтың айтуынша, әлеуметтік қарым-қатынас – ми үшін кешенді жаттығу іспетті. Адам әр жолы біреумен сөйлескенде, бір уақытта есте сақтау, эмпатия, назар, тіл секілді жүйелерге жауапты нейрондық желілер белсенеді.

Сонымен қатар Чэн терең әлеуметтік байланыстар стресс гормоны кортизолды төмендетіп, ал керісінше окситоцин мен дофаминнің бөлінуіне ықпал ететінін атап өтті.

Цюрих университетінің ғалымдары егер адам кофеі күн сайын ішсе, ұйқының жалпы ұзақтығы аздап қысқарғанымен, оның сапасы, яғни терең және қалпына келтіруші фазалары жақсара түсетінін анықтады. Зерттеу Journal of Psychopharmacology журналында жарияланды.

КОФЕ КӨП ІШЕСІЗ БЕ?

Зерттеу жұмысы барысында ғалымдар бірден екі азымды дерек базасын талдаған. Біріншіден, UK Biobank – кофеін тұтыну әдеттері туралы 485 мың адамның мәліметі, екіншіден, Nurn-Laue – 1702 адамның түнгі полисомнография нәтижелері.

Қатысушылар кофеінді тұтыну көлеміне қарай екі топқа бөлінген: күніне үш кесе немесе одан аз ішетіндер (орташа тұтынушылар) мен төрт және одан көп ішетіндер (жоғары тұтынушылар). Нәтижелердің дәлдігін арттыру үшін қатысушылар жасы, салмағы және әлеуметтік көрсеткіштері бойынша статистикалық «егіздерімен» салыстырылған.

Күніне төрт немесе одан да көп кесе кофе ішетін адамдар орташа есеппен түнде 11-13 минутқа аз ұйықтайтыны анықталған. Алайда EEG жазбалары мұндай адамдардың ұйқы кезінде дельта-толқындарының белсенділігі күшейгенін көрсеткен. Дәл осы баяу толқындар ең терең және ең қалпына келтіруші ұйқы фазасын қалыптастырады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, ми қысқа ұйқының орнын ең терең кезеңдерді күшейту арқылы толтыра алады. Яғни аз ұйқының өзі қалпына келтіру тұрғысынан тиімді болуы мүмкін.



ЖҮРЕК САУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Жүрек-қан тамыр жүйесі – адам ағзасының жұмысын қамтамасыз ететін маңызды тірек. Оның саулығын сақтау көбіне күнделікті өмір салтына байланысты. Қарапайым әдеттерді қалыптастыру арқылы жүрек ауруларының даму қаупін айтарлықтай төмендетуге болады.

1. Дұрыс тамақтану – жүрекке жасалған ең алғашқы қамқорлық

Тұзды, қантты және майлы тағамдарды шектей отырып, жүрекке түсетін артық жүктемені азайтуға болады. Көкөніс, балық, дәнді дақылдар секілді пайдалы өнімдерді көбейту тамырлардың серпімділігін сақтап, қан айналымын жақсартарды.

2. Қозғалыс – жүректің табиғи серігі

Күніне кемі 20-30 минут жаяу жүру қан айналымын белсенді етеді және жүрек бұлшықетін күшейтеді. Қарапайым серуеннің өзі ұзақ мерзімді денсаулыққа оң әсер беретін ең қолжетімді алдын алу тәсілі.

3. Стресті басқару – тамырларға қысымды азайтады

Ұзаққа созылған күйзеліс қан тамырларының тарылуына себеп болатын факторлардың бірі. Терең тыныс алу, қысқа үзіліс, серуен немесе жеңіл демалыс әдістері жүйкеге түсетін салмақты азайтып, жүрекке пайдалы әсер етеді.



4. Темекіден бас тарту – маңызды шешім

Темекі түтіні тамырлардың қабырғасын әлсіретіп, қанды қоюландырады. Бұл инфаркт пен инсульт қаупін арттырады. Темекіні тастау – жүрек саулығын қалпына келтіру жолындағы ең тиімді қадамдардың бірі.

5. Дәрігерге қаралу

Қан қысымын, холестерин мен кант деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру жүреккегі жасырын өзгерістерді уақытында анықтауға көмектеседі. Мамандар жылына кемінде бір рет профилактикалық тексерістен өтуді ұсынады.

Жүрек саулығын сақтау күрделі немесе қымбат шараларды талап етпейді. Күнделікті өмірдегі шағын, бірақ жүйелі қадамдар жүрек-қан тамыр ауруларынан қорғанудың ең сенімді жолы.

«АЖ-ақпарат»

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Комикс мәдениеті ХХ ғасырда әлемдік деңгейде қарқынды дамып, жасөспірімдер мен жастар арасында кең танылды. Егер Америка Құрама Штаттары «Marvel» және «DC» туындылары арқылы суперқаһармандар туралы хикаялар бүкіл әлемнің назарын жаулап алса, Күншығыс елі – Жапония терең философиялық ой толғайтын, ақ пен қараның күресін бейнелейтін манга жанрымен танымал болды. Бұл елдерде комикс – жай ғана сурет емес, ол жылдар бойы қалыптасқан мәдениет. Ал бізде кейінгі он жыл көлемінде бұл өнердің шығармашылық толқыны пайда болды. Жаһандану заманында ақпаратты қабылдаудың формасы өзгерді, ал визуалды контент бірінші орынға шықты. Бүгінгі таңда қазақша комикстер – бұл тек сурет кітапшалары емес, бұл ұлттық кодты, тарихты және заманауи мәселелерді жастар тілінде жеткізетін, олардың санасына тікелей әсер ететін қуатты медиа-құралға айналды.

Қазіргі қазақстандық креативті индустрияда дәстүрлі құндылықтар мен озық технологияны, тарих пен digital-өнерді ұштастыра білген жандар санаулы. Солардың қатарында ерекше қолтаңбасымен дараланатын тұлға – талантты digital-суретші әрі ұстаз Магира Тілеубердина бар. Ол тек әдемі суреттер салып қана қоймай, қазақ мәдениетін жаңаша пайымдау арқылы қоғамдық санаға әсер етіп жүр десек артық болмас.

Қазіргі таңда оның қаламынан туған «Мерген», «Аяз апа», «Махаббатқа толы тоод» секілді комикстері жарық көріп, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Әр туындының өзіндік ерекшелігі мен айтар ойы бар. Мәселен «Мерген» комиксі – бұл жай ғана батырлық дастан емес, қазақ тарихы мен

мифологиясына негізделген терең визуалды хикая. Автор мұнда батырлар жырындағы эпикалық сарынды заманауи экшн жанрымен шебер үйлестірген. Оқырман «Мергенді» парақтай отырып, қазақ даласының кеңдігін, батырлардың өр рухын және халқымыздың ежелгі наным-сенімдерін сезінеді. Бұл – жастарға тарихты қызықты визуалды тіл арқылы үйретудің таптырмас құралы. Ал «Аяз апа» – атауының өзі қызығушылық тудыратын, ерекше концептуалды туынды. Дәстүрлі «Аяз ата» түсінігіне креативті көзқараспен қарай отырып, Магира оқырманға мүлдем жаңа, жылы әрі қызықты образ ұсынды. Неге қысты біз тек Аяз атамен байланыстырамыз? Қазақ қоғамындағы әжелердің ролі, олардың мейірімі мен даналығы осы кейіпкер арқылы көрініс табады. Бұл комикс қалыптасқан гендерлік

стереотиптерді бұзып, ертегілер әлеміне басқа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар автор заманауи жастардың тыныс-тіршілігінен де тыс қалмайды. Оның «Махаббатқа толы тоод» жинағы – жастар арасында кеңінен таралған, заманауи қарым-қатынас, сезім және күнделікті өмірдің сәттерін бейнелейтін комикс. Мұндағы кейіпкерлерден әрбір қазақ жасы өзін көре алады.

Магира Тілеубердина өз туындыларында қазақ мифологиясын, ұлттық киім үлгісіндегі стильді, ою-өрнектер мен тарихи детальдарды қолдану арқылы оқырманды біздің елдің ерекшеліктерімен таныстырады. Оның кейіпкерлері батыстың кейіпкерлеріне еліктемейді, олар – өз топырағымыздан жаралған, қаны қазақ, жаны қазақ кейіпкерлер.

Автордың өзі бұл туралы: «Бұл шеберліктің негізгі мақсаты – еліміздегі комикс саласын дамыту, оны жаңа деңгейге көтеру. Екіншіден, жастарымыздың назарын тарихи тұлғаларға аудару. Біз батырларымыздың бейнесін құр сөзбен емес, сурет арқылы, сол комикс арқылы көрсетіп, олардың рухын жас ұрпақтың санасына сіңіргіміз келді», – деп атап өтті.

Бүгінгі әлеуметтік желі мен интернет дәуірінде ақпаратты визуалды қабылдау басымдыққа ие. Осындай кезеңде Магира Тілеубердина сияқты суретшілердің еңбегі орасан зор. Олар қазақ комиксін тек ермек ету құралы емес, тәрбие мен білімнің, патриотизм мен эстетиканың қайнар көзіне айналдырып отыр.

Мерей ШӘКРАТ

«КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА!» АКЦИЯСЫ

Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік.

Ғабит Мүсірепов

Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітап оқу мен кітапханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Мемлекет басшысының осы бағыттағы тапсырмасына сәйкес «Кітап оқитын мектеп – оқитын ұлт» жобасы аясында кітапхана меңгерушісі Жайна Рахменованың ұйымдастыруымен «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

Бұл рухани акцияға үн қосу шеңберінде М. Шокай атындағы №187 ІТ мектеп лицейінің 9 «Ә» сынып оқушыларының және сынып жетекшісі Ақтоты Отешова мектеп кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла» шарасын ұйымдастырды.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Дана халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек. Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп үлгі-өнеге мен тәрбие аламыз. Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін ескере отырып, оқушыларымыз кітапхана қорын әр саладағы көркем әдебиеттермен толықтыру, жас

оқырмандарға қазақ әдебиетінің кітаптарын насихаттау, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу, оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатында керемет кітаптарды тарту етті.

Кітапхана қорын жаңа дүниелермен толықтыруға бағытталған бағалы бастама басқа да жанашыр жандардың тарапынан кеңінен қолдауға ие болуда. Алдағы уақытта оқушыларға бос уақыттарын тиімді пайдаланып, үнемі іздену арқылы тұлғалық болмысын дамыту үшін жаңаша жетістіктерге жетелейтін көркем әдебиеттер мен ғылыми әрі танымдық кітаптарды жиі оқуды тұрақты дәстүрге айналдырса уақыттың үдерісінен табылары даусыз. Бұл – қазіргі кездің ең басты талабы.

«Кітап – білім бұлағы» демекші, кітап оқыған адамның әрдайым рухани байлығы,

дүниетанымы кеңейіп, ішкі дүниесі тазартылып білеміз.

Кітап сыйлау акциясына қатысқан оқушыларымызға алар асуларыңыз көп болсын, жолдарыңыз ақ болсын! – дейміз.

Жайна РАХМЕНОВА,
М. Шокай атындағы
№187 ІТ мектеп-лицейінің
кітапхана меңгерушісі

КВЕСТ:

АҚЫЛ МЕН ЭМОЦИЯНЫҢ ТОҒЫСАР ТҰСЫ

Алдымен «квест деген не?» сауалына жауап беріп өтсек. Көп жағдайда квест белгілі бір маңызды затты іздеуді немесе белгілі бір мақсатқа жетуді білдіреді. Бұл жолда қатысушылар оқиға желісіне еніп, түрлі қиындықты еңсеруге тиіс.

Квесттің алғашқы нышаны әдебиет пен мифологияда көрінеді. Қаһарман сапарға аттанып, жолай түрлі сынақтан өтеді. Құпияны шешіп, жоғалғанды тапты. Осы мазмұн кейінірек әдеби квест жанрының қалыптасуына жол ашты десек болады.

Көпшілік квесттің тарихы соңғы он жылмен ғана шектеледі деп ойлайды, алайда бұл қате түсінік. Латын тіліндегі «quest» сөзі, яғни «іздеу» мағынасын білдіретін ұғым, тарихта алғаш рет ХІІІ ғасырдың соңында қолданылғаны белгілі. Дәл осы «quest» сөзінен кейінірек көне француз тіліндегі «queste» ұғымы туындап, «іздеу», «қуалау» мағынасын берген. Демек, алғашқы квесттерді қасиетті Граальді іздеген дөңгелек үстел рыцарларының сапарынан-ақ байқауға болады. Ал бүгінгі біз таныған квесттердің әлемге кеңінен таралуы бірнеше ғасыр өткен соң, жеті жүз жылдық өткеннен кейін жүзеге асты.

Ал жаңа дәуір бұл түсінікті ойын кеңістігіне көшірді. Алғашқы мәтіндік компьютерлік квесттер ойыншыға «жол бұрылды», «есікті аш», «жасырын нысанды тап» деген секілді командалармен бағыт беру арқылы аталған жанрдың заманауи үлгісін танытты. Уақыт өте келе графика жетілді. Әрбір тапсырма интерактивке айналып, ойын жанры кең өріс алды.

Қазіргі қоғамдағы квесттің формасы мүлде жаңаша. Бұл ұғым компьютерлік ойындарды жақсы көретіндер

Адамзат тарихында жұмбаққа толы жолға шығу, құпия дүниені зерттеу секілді ұмтылыстар ешқашан тоқтамаған. Сол ізденістің табиғи жалғасы ретінде танылған «квест» жанры да ғасырлар қойнауынан бүгінге дейін жетті. Бір көздері аңыздар мен хикаяның өзегін құраған бұл түсінік қазір нақты ойын форматына ауысып, білім берудің де, көңіл көтерудің де маңызды бөлігіне айналып отыр.

үшін таныс. Бірақ ол тек монитор арқылы ғана орындалатын тапсырмалар тізбегі емес. Шынайы өмірде де ұйымдастырылатын квест бөлмелері үлкен сұранысқа ие. Солардың ішінде ерекше танылған бағыттың бірі – қорқынышты квесттер. Қараңғы дәліз, тылсым дыбыс, кенеттен өшетін жарық адам бойындағы адреналинді оятып, ерекше эмоционалдық тәжірибе сыйлайды. Қорқынышты детальдар тек үрей ояту үшін ғана емес, сондай-ақ эмоцияның буымен жүрген адамды логикалық ойлауға жетелейді. Қатысушылар тосын жағдайдан сескенсе де, шешім қабылдауға мәжбүр. Сол себепті қорқынышты квесттер бүгінде жастар арасында батылдықты сынайтын, эмоциялық шиеленісті жеңуді үйрететін ерекше орта. Көбінің тіпті жүрегі дауаламайды, десе де бұл жанр шағын немесе үлкен компаниядағы достар үшін қызықты уақыт өткізудің таптырмас тәсілі десек болады.

Квесттің тағы бір маңызды бағыты – балаларға арналған білім беру ойындары. Мұндай квесттер мектептерде, балабақшаларда, жазғы лагерлерде жиі қолданылады. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін дайындалған тапсырмалар баланың ақпараттық жүйесіне, логикасын шыңдауына, тілдік және математикалық қабілеттерін дамытуына ықпал етеді. Кейбір квесттер белгілі бір ғылыми тақырыпқа арналады. Мысалы балаларға арналған жазғы тынығу лагерлерінде «Жеті қаракшы» деген секілді квест



стрессі төмендетіп, адреналин бөліну арқылы ерекше эмоциялық серпіліс береді. Квестке қатысушы күнделікті мәселені ұмытып, интернетке тәуелсіз ортада демалып, командаламен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгере алады. Кейбіреулер үшін квест қызықты фотосессия жасауға да мүмкіндік туғызады. Психологтар да бұл форматты пайдалы деп санайды. Мысалы австриялық дәрігер Виктор Франкл мұндай ойындар жәндіктерден немесе бауырымен жорғалаушылардан қорқу сияқты нақты фобияларды жеңуге жәрдемдесетінін атап өткен. Бірақ мұндай шытырманға толы саяхатқа жасөспірімдер мен жастардың барғаны дұрыс. Аяғы ауыр немесе эмоционалды түрде барлық жайтты шынайы қабылдайтын жандар үшін ұсынылмайды.

Қорыта айтқанда, квест бұрынғыдай қиял әлеміндегі батырлардың сапары, компьютердегі ойын ғана емес. Ол қазір шынайы өмірдің қажетті бөлігі. Біреуге ол эмоциялық сынақ болса, екіншіге логикалық ойды дамытатын құрал есебінде

көмектеседі. Ал жалпы алғанда квест заманауи қоғамның білім мен көңіл көтеруді біріктірген әмбебап ұғым.

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

 Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ
			Таралымы: 6479 Тапсырыс: 2115